

АБЫЛАЙ ХАН АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ЖӘНЕ  
ӘЛЕМ ТІЛДЕРІ УНИВЕРСИТЕТІ

КАЗАХСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ МЕЖДУНАРОДНЫХ ОТНОШЕНИЙ И  
МИРОВЫХ ЯЗЫКОВ ИМЕНИ АБЫЛАЙ ХАНА

KAZAKH ABLAY KHAN UNIVERSITY OF INTERNATIONAL RELATIONS AND  
WORLD LANGUAGES

---

---

**4 (55) 2019**  
ISSN 2412-2149

Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ

# ХАБАРШЫСЫ

“ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМДАРЫ”  
сериясы

# ИЗВЕСТИЯ

КазУМОиМЯ имени Абылай хана  
серия “ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ НАУКИ”

# BULLETIN

of Ablai Khan KazUIRandWL  
Series “PEDAGOGICAL SCIENCES”

Алматы  
«Полилингва» баспасы  
2019

© “Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті” Акционерлік қоғамының “Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ Хабаршысы-Известия” ғылыми журналының “Педагогика ғылымдары” таралымы, Қазақстан Республикасының Инвестициялар мен даму жөніндегі министрліктің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде тіркелген.  
Тіркелу куәлігі 10.04.2015 жылғы № 15195-Ж

**Бас редактор**  
**Құнанбаева С.С.,**

филология ғылымдарының докторы, профессор,  
ҚР ҰҒА-ның академигі, Алматы, Қазақстан

**Жауапты редактор**

**Ұзақбаева С.А.,** п.ғ.д., профессор, Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘнеӘТУ,  
Алматы, Қазақстан

**Редакция алқасы мүшелері**

**Сефика Суле Эрчетин,** доктор Ph.D., Хаджеттепе университеті, Анкара,  
Түркия

**Мехмет Таипинар,** доктор Ph.D. Гази университеті, Анкара, Түркия

**Тряпичина А.П.,** п.ғ.д., профессор, А.И.Герцен атындағы Ресей Мемлекеттік  
Педагогикалық Университеті, Санкт-Петербург, Ресей

**Чекалева Н.В.,** п.ғ.д., профессор, Омск Мемлекеттік педагогикалық  
университетінің проректоры, Омск, Ресей

**Тажиев М.Т.,** п.ғ.д., профессор, Өзбекстан Республикасы ЖОАКБМ  
жанындағы жоғары және арнайы орта кәсіби білім беруді дамыту орталығының  
бөлім басшысы, Ташкент, Өзбекстан

**Акиева Г.С.,** п.ғ.д., профессор, И. Арабаев атындағы Қырғыз мемлекеттік  
университеті жанындағы кадрлар біліктілігін көтеру және қайта даярлау  
Институтының директоры, Бішкек, Қырғызстан

**Нұрғалиева Г.К.,** п.ғ.д., профессор, “Ұлттық ақпараттандыру орталығы” АҚ  
директорлар Кеңесінің төрайымы, Алматы, Қазақстан

**Кульгильдинова Т.А.,** п.ғ.д., профессор, Абылайхан атындағы ҚазХҚжӘнеӘТУ,  
Алматы, Қазақстан

**Жампеисова К.К.,** п.ғ.д., профессор, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы,  
Қазақстан

**Беркімбаев К.М.,** п.ғ.д., профессор, Қожа Ахмет Ясауи атындағы  
Халықаралық Қазақ-Түрік университетінің ғылыми-зерттеу істер жөніндегі  
Вице президенті, Түркістан, Қазақстан

**Жауапты хатшы**

**Әбілова З.Т.,** аға оқытушы, магистр Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘнеӘТУ,  
Алматы, Қазақстан

**Рецензенттер**

**Қонақова К.Ө.,** п.ғ.д., профессор, Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘнеӘТУ,  
Алматы, Қазақстан

**Абильдина С.К.,** п.ғ.д., доцент, Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ, Қарағанды,  
Қазақстан

© Научный журнал “Известия КазУМОиМЯ имени Абылай хана”, серия “Педагогические науки” Акционерного общества “КазУМОиМЯ имени Абылай хана” зарегистрирован в Комитете связи, информатизации и информации Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан. Регистрационное свидетельство № 15195-Ж от 10.04.2015 г.

**Главный редактор**

**Кунанбаева С.С.**

доктор филологических наук, профессор,  
академик НАН РК, Алматы, Казахстан

**Ответственный редактор**

**Узакбаева С.А.**, д.п.н., профессор, КазУМОиМЯ им. Абылай хана, Алматы, Казахстан

**Члены редакционной коллегии**

**Сефика Суле Эрчетин**, доктор Ph.D., университет Хаджеттепе, Анкара, Турция

**Мехмет Ташпинар**, доктор Ph.D., университет Гази, Анкара, Турция

**Тряпицина А.П.**, д.п.н., профессор, Российский Государственный Педагогический Университет им. А.И.Герцена, Санкт-Петербург, Россия

**Чекалева Н.В.**, д.п.н., профессор, проректор Омского Государственного педагогического университета, Омск, Россия

**Тажиев М.Т.**, д.п.н., профессор, начальник отдела Центра развития высшего и среднего специального, профессионального образования при МВССО Республики Узбекистан, Ташкент

**Акиева Г.С.**, д.п.н., профессор, директор Института повышения квалификации и переподготовки кадров, при Кыргызском государственном университете им. И. Арабаева, Бишкек, Кыргызстан

**Нурғалиева Г.К.**, д.п.н., профессор, Председатель Совета директоров АО “Национальный центр информатизации», Алматы, Казахстан

**Кульгильдинова Т.А.**, д.п.н., профессор, КазУМОиМЯ им. Абылай хана, Алматы, Казахстан

**Жампеисова К.К.**, д.п.н., профессор, КазНПУ им. Абая, Алматы, Казахстан

**Беркимбаев К.М.**, д.п.н., профессор, Вице-президент по научно-исследовательской работе Международного Казахско-турецкого университета им. Ходжи Ахмета Ясави, Туркестан, Казахстан

**Ответственный секретарь**

**Абилова З.Т.**, старший преподаватель, магистр КазУМОиМЯ им. Абылай хана, Алматы, Казахстан

**Рецензенты**

**Кунакова К.У.**, д.п.н., профессор, КазУМОиМЯ им. Абылай хана, Алматы, Казахстан

**Абильдина С.К.**, д.п.н., доцент, КарГУ им. Е.А. Букетова, Караганда, Казахстан

© Bulletin “Ablai khan University of International Relations and World Languages”. Series “Pedagogical sciences” of JSC “Ablai khan Kazakh University of International Relations and World Languages” is registered in Communication, Informatization and Information Committee of Ministry for Investment and Development, Republic of Kazakhstan. Certificate N 15195 – G, 10.04.2015.

---

**Chief Editor**

**Kunanbayeva S.S.,**

*Doctor of Philology, Professor,  
Academician of NAS of the RK, Almaty, Kazakhstan*

**Executive Editor**

**Uzakhbayeva S.A.,** *D.of Ped. Sc., Professor, Kazakh Ablai khan UIRandWL, Almaty, Kazakhstan*

**Editorial team members**

**Sefika Sule Ercetin,** *Doctor of Ph.D., Hacettepe University, Ankara, Turkey*

**Mekhmet Taspinar,** *Doctor of Ph.D., Gazi University, Ankara, Turkey*

**Tryapitsina A.P.,** *D.of Ped. Sc., Professor of Herzen State Pedagogical University of Russia, St.Petersburg, Russia*

**Chekaleva N.V.,** *D.of Ped. Sc., Professor, Prorector of Omsk State Pedagogical University, Omsk, Russia*

**Tazhiyev M.T.,** *D. of Ped. Sc., Professor, Head of the Center for the Development of Higher and Secondary Specialized, Professional Education at MHSSE, Republic of Uzbekistan, Tashkent*

**Akiyeva G.S.,** *D.of Ped. Sc., Professor, Director of Institute of Advanced Training and Retraining at I.Arabayev Kyrgyz State University, Bishkek, Kyrgyzstan*

**Nurgaliyeva G.K.,** *D.of Ped. Sc., Professor, Chairman of the Board of Directors in National Informatization Center, JSC*

**Kulgildinova T.A.,** *D.of Ped. Sc., Professor, Kazakh Ablai khan UIRandWL, Almaty, Kazakhstan*

**Zhampeisova K.K.,** *Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Kazakh National Pedagogical university Abai, Almaty, Kazakhstan*

**Berkimbayev K.M.,** *Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vice President of Research Work in the International Kazakh-Turkish University., Turkestan, Kazakhstan Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish Khoja Ahmet Yasavi University, Turkestan, Kazakhstan*

**Executive Secretary**

**Abilova Z.T.,** *senior lecturer, master, Kazakh Ablai khan UIRandWL, Almaty, Kazakhstan*

**Readers**

**Kunakova K.U.,** *D.of Ped. Sc., Professor, Kazakh Ablai khan UIRandWL, Almaty, Kazakhstan*

**Abildina S.K.,** *D.of Ped. Sc., Assistant Professor, E.A. Buketov KarGU, Karaganda, Kazakhstan*

# МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENT

## 1 Бөлім. ЖОҒАРЫ МЕКТЕПТЕ МАМАНДАРДЫ КӘСІБИ ДАЯРЛАУ

### ТЕОРИЯСЫ МЕН ПРАКТИКАСЫ

#### Раздел 1. ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ПОДГОТОВКИ СПЕЦИАЛИСТОВ В ВЫСШЕЙ ШКОЛЕ

#### Part 1. A THEORY AND PRACTICE OF PROFESSIONAL PREPARATION OF SPECIALISTS IN AT HIGHER SCHOOL

<b>Әбенбаев С.Ш.</b> Студенттердің, болашақ кәсіби маман ретінде оқушылармен тәрбие жұмысын ұйымдастырудың заңдары мен заңдылықтарын меңгеру қажеттілігі .....	7-16
<b>Abenbev S.Sh.</b> The need for students to learn the laws and laws of the organization of educational work with students as future professionals .....	7-16
<b>Калиева К.М., Аймагамбет Т.</b> Біліктілік тәсіл - педагогикалық процесті ұйымдастыру негізі .....	16-23
<b>Kaliyeva K.M., Aymagambet T.</b> Competence approach as the basis of the organization of the pedagogical process .....	16-23
<b>Баяндина С.Ж.</b> Образовательная функция казахского языка: история и современность .....	23-34
<b>Bayandina S.Zh.</b> Educational function of the kazakh language: history and modernity .....	23-34
<b>Үрғанова Н.С.</b> Жоғары сынып оқушыларының кәсіби бағдарлану біліктілігін қалыптастырудағы негізгі мәселелер .....	34-40
<b>Urtanova N.S.</b> The main problems of formation of vocational orientation of high school students .....	34-40
<b>Ракпанова К.С.</b> Формирование профессиональных компетенций курсантов военного вуза .....	41-47
<b>Rakpanova K.S.</b> The formation of professional competencies of cadets at the military academy .....	41-47
<b>Артықбаева Л.Б.</b> Болашақ мұғалімдердің педагогикалық жобалау біліктілігін дамыту мәселелері .....	47-52
<b>Artykbayeva L. B.</b> To the problem of the development of pedagogical design of competence among future teachers .....	47-52
<b>Сарқанбаева Г.К.</b> Дебат технологиясының студенттердің интеллетуалды ой-өрісін дамытудағы ролі .....	53-58
<b>Sarkanbaeva G.K.</b> Role of “debate” technology in the development of intellectual circuit of students .....	53-58
<b>Кенесова М.Б.</b> Педагогикалық талдау – мұғалімнің аналитикалық іс-әрекетке дайындығының құрамды бөлігі .....	58-64
<b>Kenesova M.B.</b> Pedagogical analysis as an integral part of teachers readiness for analytical activity .....	58-64
<b>Мехмет Таспинар.</b> Competence approach as a methodological basis in professional training of future specialists .....	64-74
<b>Мехмет Ташпинар.</b> Компетентностный подход - методологическая основа развития профессиональных компетенции будущих специалистов .....	64-74

**2 Бөлім. ОҚЫТУДАҒЫ ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ**  
**Раздел 2. СОВРЕМЕННЫЕ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ ТЕХНОЛОГИИ ОБУЧЕНИЯ**  
**Part 2. MODERN EDUCATIONAL TECHNOLOGIES OF TEACHING**

<b>Нұрмышева Ш.А.</b> Кәсіби қазақ тілін жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша оқыту технологиялары .....	75-81
<b>Nurmysheva Sh.A.</b> Technologies of teaching professional kazakh language in universities according to the updated educational program .....	75-81
<b>Хегай А.</b> Методика формирования коммуникативной компетенции студентов технических вузов на основе информационных технологий.....	82-90
<b>Khegay A.</b> The methodology for the formation of communicative competence of students of technical universities based on information technology .....	82-90
<b>Кенже А.А., Ахметова Г.Ш.</b> К вопросу о формировании иноязычной межкультурной профессионально- коммуникативной компетенции у студентов неязыковых специальностей .....	90-97
<b>KenzheA.A., Akhmetova G.</b> To the question of forming foreign language inter-cultural professional-communicative competence of students in non-linguistic specialties .....	90-97
<b>Zhumanova N.A., Yerezhopova A.Sh., Beknazarova A.B.</b> Use of case-study method for forming intercultural and professional competencies in studying chemical disciplines in english .....	97-104
<b>Жуманова Н.А., Ережепова А.Ш., Бекназарова А.Б.</b> Использование метода case-study для формирования межкультурной и профессиональной компетенций при изучении химических дисциплин на английском языке .....	97-104

**3 Бөлім. ЭТНОПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ МЕКТЕП ПЕДАГОГИКАСЫ**  
**Раздел 3. ЭТНОПЕДАГОГИКА И ПЕДАГОГИКА ШКОЛЫ**  
**Part 3. SCHOOL OF PEDAGOGICS AND ETHNOPEDAGOGICS**

<b>Ұзақбаева С.А.</b> Абай шығармаларының эстетикалық тәрбиедегі мүмкіндіктері .....	105-115
<b>Uzakbayeva S. A.</b> Features of Abay's work in aesthetic education .....	105-115
<b>Айдарханова Б. К.</b> Этническое самосознание современных казахов..	116-123
<b>Aydarhanova B. K.</b> Ethnic identity of modern kazakhs .....	116-123
<b>Tileubayeva M.S.</b> Psychological aspects of the study of gender characteristics in the management of the organization .....	123-130
<b>Тилеубаева М.С.</b> Психологические аспекты изучения гендерных характеристик в управлении организацией .....	123-130

**1 Бөлім**  
**ЖОҒАРЫ МЕКТЕПТЕ МАМАНДАРДЫ КӘСІБИ ДАЯРЛАУ ТЕОРИЯСЫ МЕН ПРАКТИКАСЫ**

**Раздел 1**  
**ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ПОДГОТОВКИ СПЕЦИАЛИСТОВ В ВЫСШЕЙ ШКОЛЕ**

**Part 1**  
**A THEORY AND PRACTICE OF PROFESSIONAL PREPARATION OF SPECIALISTS IN AT HIGHER SCHOOL**

---

**THE NEED FOR STUDENTS TO LEARN THE LAWS AND LAWS OF THE ORGANIZATION OF EDUCATIONAL WORK WITH STUDENTS AS FUTURE PROFESSIONALS**

**Abenbev S.Sh.**, c.p.s., professor  
KazUIR&WL named after Ablai Khan  
Almaty, Kazakhstan, e-mail: abenbaev@mail.ru

**Abstract.** The article considers the need for students to learn the laws and laws of the organization of educational work with students as future professional specialists. The author analyzes the concepts of the educational process, as well as the classification of regularities. All this ensures the activity of teachers on a certain model in achieving their goals and helps them to achieve real results in educational work. This situation obliges students to participate in various activities in the development of social experience, provides for the stimulation of their activity and desire for independent work.

**Key words:** cognition, education, process, educational process, law, regularities.

ӘӨЖ 378.1

**СТУДЕНТТЕРДІҢ, БОЛАШАҚ КӘСІБИ МАМАН РЕТІНДЕ ОҚУШЫЛАРМЕН ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЗАҢДАРЫ МЕН ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫН МЕНҒЕРУ ҚАЖЕТТІЛІГІ**

**Әбенбаев С.Ш.**, п.ф.к., профессор  
Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ  
Алматы, Қазақстан, e-mail: abenbaev@mail.ru

**Аңдатпа.** Мақалада студенттердің кәсіби маман ретінде оқушылармен тәрбие жұмысын ұйымдастырудың заңдары мен заңдылықтарын менгеру қажеттілігі туралы қарастырылады. Тәрбие процесі ұғымына жан-жақты талдау жасалып, заңдылықтар жіктеліп көрсетіледі. Осының бәрі алға қойған мақсаттарға жетуде педагогтардың белгілі бір үлгі (модель) бойынша әрекет етуін қамтамасыз етеді және оған тәрбие жұмысында шынайы нәтижеге жетуіне көмектеседі. Бұндай жағдай, оқушыларға әлеуметтік

тәжірибені меңгертуде әрекеттің әр түріне қатыстыру қажеттігін міндеттейді және олардың белсенділігі мен өз бетінше жұмыс жасауға деген талпынысын ынталандыруды көздейді.

**Тірек сөздер:** таным, тәрбие, процесс, тәрбие процесі, заң, заңдылық

Педагогтарға тәрбие процесінің мәнін жақсы танып-білу, оны мақсат, міндеттеріне сай табысты әрі нәтижелі ұйымдастыру үшін, ең алдымен, оның заңдарын, заңдылықтарын және принциптерін жете өз дәрежесінде ұғынып, меңгеруі міндеттеледі. Мәселен, «Заң» ғылыми тұрғыда - танымның белгілі бір саласының мәнін бейнелейді. Кезінде К.Д.Ушинский тәрбиенің ғылыми заңдарын тану қажеттілігін атап көрсеткен. «Педагогикалық антропология» атты еңбегінің бірінші томында ол, педагогикалық ережелерді тек жаттап алу ешбір пайда алып келмейтінін ескертеді. Керісінше, осы ережелер пайда болатын оның ғылыми негіздерін танып білу керек – дейді. Маңыздысы, басқаруға ілесетін және қолдануға болатын психологиялық құбылыстарға негізделген заңдарды тануға кеңес береді.

**Таным**, ол белгілі бір құбылыстарды практикалық тұрғыдан танудың жолы. Мәселен, философия ғылымы «қоғамның дамуында қарама-қарсылықтың бірлігі мен күрес заңын» қарастырса, педагогика саласында «бала өзінің белсенді шығармашылық іс-әрекетінің арқасында аға ұрпақтың әлеуметтік тәжірибесін мұрагері болады» - дейді. Бұл заңды процесс. Демек, заңды ашу - ғылыми танымның бірден-бір міндеті болып саналады. Соған орай оқытуда **таным теориясы** – оның бірден бір *әдіснамалық негізі* болып табылады. Онда аға ұрпақтың өскелең жас ұрпаққа қоғамның әлеуметтік тәжірибесін, өндірісті ұйымдастыру тәсілін, еңбекке қатынасын беру процесі, адамның объективті шындықты ұғынуы таным теориясы арқылы меңгеруімен тікелей байланысты атқарылады. Сондықтан таным процесінде адамның санасында әлемнің шынай көрінісі ғана емес, сонымен бірге оны жасау жолдары да бейнеленеді.

Сонымен бірге, заң ғылыми тұрғыда *құбылыстар мен процестердің* арасындағы өмір сүретін шынайы байланысты да анықтайды. Мәселен, табиғаттағы қайталанып келетін төрт маусым, соған орай әрбір маусымда болып тұратын құбылыстар, солардың негізінде жүретін процестермен өзара байланысын алуға болады. Бұл – заңды процесс және табиғаттың заңдылығы. Ол, мысалы, қыс кезінде күннің суытуы, қардың жаууы, соған орай адамдардың қысқа әзірленуі, жылы киініп жүруі секілді процестердің жүруімен түсіндіріледі.

Яғни, тәрбие процесіндегі құбылыстар мен процестердің арасындағы бұндай заңды байланыстар, оның мәнін жақсы түсінуге көмектеседі. Мәселен, қандай да бір қоғамның өмір сүруі, оның өркендеуі,



сол қоғамда өмір сүріп отырған адамдардың сана-сезімі, қарым-қатынасы, іс-әрекетімен тікелей тығыз байланыста болады. Сол үшін де мектепте, жалпы білім беру саласында оқу-тәрбие процесі қоғамның мақсат-мүдесімен тікелей байланыста қарастырылады. Бұл, әрине заңды құбылыс. Сондай-ақ, тәжірибеде «адам өзінің саналы, шынайы белсенді әрекетінің негізінде өзін және өзін қоршаған ортаны да өзгертеді» - деген объективті көзқарас бар. Бұл да заңды процесс.

Шын мәнісінде, **заңдар** - бұл белгілі бір нысанаға (объект) қатысты шынайы теориялық білімдердің жиынтығы. Нәтижесінде, бұл білімдер ғылымға тиеселі болып келеді. Заңдар алдын-ала тәрбие жүйесінің «жағдайын» және тәрбие процесінің «бағытын» анықтауға, болжауға мүмкіндік береді. «Заң» сөзі - бұйрық, жарлық, талап, регламент секілді мәтінде және юристік «заң» деген терминге жақын жиі қолданылады.

**Тәрбие процесі** – бұл объективті процесс, ол көптеген жағдайда субъектілердің оған саналы, мақсатты түрде қатынасуына қарамастан, олардың еркінен тыс өрбиді. Сондықтан тәрбие процесінің заңдарын, заңдылықтарын тек ғалымдар, педагогтар ғана білуі қажет емес, сонымен бірге бала тәрбиесіне тікелей қатысатын ата-аналар, тәрбие мекемелері, қоғамдық ұйымдар да білуі тиіс.

«**Заңдылық**» - бұл заңға жақын түсінік. Заң *мазмұны* жағынан өзара байланысты заңдардың жиынтығы ретінде анықталады. Яғни заңдар заңдылықтар арқылы бейнеленеді.

Философия ғылымында «**заңдылық**» деген ұғымды (категория) құбылыстар мен процестер арасындағы дамуды сипаттайтын мәнді байланыс деп түсіндіреді. Ал осы идеяның негізінде педагогикалық құбылыстарды қарастырсақ, ол тұлғаның өмір сүруі, қарым-қатынасы, жан-жақты әрекеттері барысында жеке басында, айналасында кездесетін, оған оң немесе теріс ықпал ететін табиғи немесе табиғи емес әр түрлі жағдайларды айтуға болады.

Педагогика ғылымында заңдылыққа қатысты зерттеу жұмыстары ХХ ғасырдың 20-жылдары тәрбие заңдылықтары ретінде зерттеле бастады (Н.К.Гончаров, А.Г.Калашников, С.В.Трахтенберг). Біршама уақыттан кейін педагогикалық процестің оқыту процесі (В.И.Загвязинский) және оқудан тыс уақыттағы мәселелерге қатысты заңдылықтар (Н.И.Болдырев, Г.И.Шукина, Н.Н.Петухов) зерттелді. ХХ ғасырдың соңғы он жылында біртұтас педагогикалық процестің заңдылықтарына қатысты мазмұндалған толыққанды болмаса да, ішінара кейбір жұмыстар пайда болды (М.М.Данилов, Ю.К.Бабанский, Б.Т.Лихачев, В.А.Сластенин).

*Заңдылық* – құбылыстардың мәнінің теориялық аспектіде көрініс табуы. Мәселен, заңдылық педагогикалық процестің ішкі және сыртқы

байналыстарын көрсетеді. Сонымен бірге заңдылық заңдардың белгілі бір жағдайда нақты іс жүзінде қолданысын теориялық тұрғыдан анықтайды. Педагогикалық процестің заңдарын білу мұғалімнің педагогикалық әрекетін нәтижелі ұйымдастыруға мүмкіндік тудырады, ал заңдылықтарды білу оған педагогикалық процесті жүйелі түсінуге, практика жүзінде оң нәтижеге жетуге көмектеседі, оған дұрыс болжам жасауға, соның нәтижесінде оның оңтайлы үлгісін (моделін) құруға ықпал етеді. Мәселен, педагогикалық процесте «тәрбие заңдарының» мәні, негізгі түрлері және оларға сипаттама төмендегідей мазмұнда баяндалады.

**1. Тәрбиенің қоғамның талабымен сәйкес келуі заңы.** Біздің елде тәрбиенің және білім берудің жүйесі мемлекеттің қажеттілігіне жауап береді. Бұл, бір жағдайда, тәрбие процесінің мақсаты, мазмұны, әдістерін бейнелейді. Екінші жағдайда, тәрбие жүйесі, педагогикалық процесті ұйымдастыру сипаты қоғамның мүмкіндіктеріне, елдің даму деңгейіне, мысалы, әлеуметтік-экономикалық, саяси, мәдени, ғылыми-техникалық және т.т. тәуелді болып келеді. Қоғам мен тәрбиенің байланысында мемлекет елдің білім беру саясатын реттеп, тәртіпке келтіріп отырады.

**2. Тәрбиенің мақсаты, мазмұны, әдістерінің бірлікте болу заңы** тәрбиенің барлық компоненттерінің бір бірімен өзара байланыста болуын білдіреді. Тәрбие мақсаты оның мазмұны, әдістері және ұйымдастыру формаларын анықтайды. Өз кезегінде, тәрбие процесінің бұл элементтері педагогтар мен оқушылардың мүмкіндіктері мен қабілеттеріне тәуелді болып келеді. Тәрбие процесінің аталған элементтерінің арасында болатын қарама-қайшылық, тәрбие жұмысының сапасына нұсқан келтіріп, оның нәтижесіздігіне алып келеді.

**3. Білім беру, тәрбиелеу және тұлғаның дамуының бірлікте болу заңы.** Бұл психология-педагогика ғылымының бірден бір фундаменталды ережесі. Білім беру және тәрбиелеу бір-бірінің нәтижелі болуына себепкер болып, өзара тығыз қарым-қатынаста жүзеге асады. Болмаса екеуі де негізінен тұлғаны дамытуда жетекші факторлар ретінде саналады.

**4. Әрекет барысында тәрбиелеу заңы.** Бұның мәнісі сол, егерде, біз тәрбиелегіміз келсе, тәлімгерлердің тәжірибесін, білімін, көзқарасын және жеке басының құндылықтарын, олардың қажеттіліктерін, эмоцияларын, еркіндіктерін, мінез-құлық нормаларын қамтамасыз еткіміз келсе, онда, оларды іс-әрекетке қатыстыруымыз міндетті. Әрекет, психология, педагогикада бірден бір негізгі түсінік. Ол қоршаған ортамен өзара белсенді байланыста болып, оны тануға, қайта жаңғыртуға және бір мезгілде әрекеттің субъектісі ретінде тұлғаның өзін дамытуға бағытталған. Отандық психологияда бұл заң психика мен іс-әрекеттің бірлігі туралы

ереже ретінде түсіндіріледі. Тәрбие процесінде әрекеттің әрбір түрі тұлғаны қалыптастыру және дамытудың негізгі жағдайы мен құралы болады. Яғни тәрбиелеу дегеніміз – бұл баланы іс-әрекетке қатыстыру немесе тарту, оның әртүрлі дамытушы әрекеттерін ұйымдастырушысы ретінде қарастырған жөн.

#### **5.Тәлімгерлердің белсенділігін артыру заңы.**

Бұл заңның негізіне тәрбие процесінде адам баласы әрекет ету барысында өзін белсенді және өзіндік жан ретінде сезінсе және оны көрсете білсе ғана тұлға ретінде дамиды және қалыптасады деген идея жатады. Бұл заңмен көптеген нақты және жекелеген заңдар мен ұғымдар да байланысты қарастырылады. Мәселен, өзін-өзі тәрбиелеу, өмірлік және кәсіби өзін-өзі анықтау, тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыруы және т.б. Бұл заңның негізінде Г.А.Галперин, В.В.Давыдовтың оқу әрекетінің теориясы қарастырылған. Осы заңмен А.С.Макаренконың және т.б. атақты педагогтардың тәжірибелері негізделген.

**6.Тәрбие мен қарым-қатынастың бірлігі заңы.** Балалар мен жас жеткіншіктерді тәрбие процесінде тұлға ретінді қалыптастыру осы процеске қатынасушылардың қарым-қатынастарының сипатына, мазмұнына, педагогтар мен оқушылардың мінез-құлықтарының стиліне, өзара ақпарат алмасуды және өзара әрекеттесуді ұйымдастыру сапасына және т.б. байланысты болып келеді. Психологтардың пайымдауынша, қарым-қатынас іс-әрекетпен тікелей байланысты қарастырылады. Тәрбие, іс-әрекет және қарам-қатынастың өзара байланысты болуының *заңдылық* себептері де бар. Осы заңға байланысты тәрбие тікелей қарым-қатынас негізінде жүзеге асады. Сондықтан педагогтар үшін оқушылар және бұл процеске қатысушылармен қарым-қатынас технологиясын жасау маңызды.

**7.Ұжымда тәрбиелеу заңы.** Бұл заң біздің жоғарыда баяндаған заңымызбен тікелей байланыста қаралады. Ұжым жоғары деңгейле ұйымдасқан топ және күшті тәрбие құралы ретінде тұлғаның қалыптасуы мен дамуына маңызды ықпал етеді. Тәжірибеде көрсеткендей ұжымдық әрекет, ұжыммен қарым-қатынас жасау, топ мүшелерінің өзара қарым-қатынасы, солардың негізінде жеке тұлғаны тәрбиелеу, яғни ұжымда және ұжым арқылы тәрбиелеу қағидасы кеңестік дәуірде отандық педагогиканың негізгі бір идеясына айналды әрі ол өзінің жемісін де берді. Балалардың, топтың ұжым мүшелеріне ықпалы, өзара жауапкершілік қарым-қатынас, әртүрлі бірлестікте, топта өзара қарым-қатынастағы біліктілік, психологиялық көңіл-күй жағдайы, ұжымдағы дәстүр және т.б. – бәрі ұжым мен тәрбиеге қатысты теориялар А.С.Макаренко және одан кейінгі теоретиктердің тәжірибелерінде жан-жақты терең сипатталады.

Батыстық психология мен педагогикада өз дәрежесінде тұлғаны топтың даму дәрежесінің заңдылықтары және ерекшеліктеріне сәйкес зерттеледі. Педагогтар әлемдік деңгейде және қазір де А.С.Макаренконың тәжірибесіне үлкен қызығушылық танытады.

**8.Тәрбиеде тәрбиеленушілердің жас және жеке-дара ерекшеліктерін ескерумен байланыстылығы заңы.** Тәрбие процесі, оның мақсаты, мазмұны, ұйымдастыру формасы және әдістері қоғам мен мемлекетте қабылданған тәрбиеге қатысты жалпы бағдарламалар, тұжырымдамаларға ғана тәуелді емес, сондай-ақ олардың объектісі және субъектісі болып келетін тәрбиеленушілердің жас және жеке-дара ерекшеліктерін ескерумен де байланысты болып келеді. Соған орай оларды жүзеге асыруда, міндетті түрде оған қатынасатын тәрбиеленушілердің жас және дара ерекшеліктерін ескерумен сәйкес оларға түзетулер мен ескертулер енгізіп отыру шарт. Өйткені әр түрлі жастағы адамдар іс-әрекетте, қарым-қатынаста эмоцияның, ақыл-ойдың, қажеттіліктер мен қабілеттердің және т.б. салалардың даму дәрежесіне сәйкес өздерін әр жақты, әр қырынан көрсетеді. Олардағы жас ерекшеліктеріне сәйкес өзгешеліктерді «Жас ерекшеліктері психологиясы мен педагогикасы» ғылымы зерттейді және оның нәтижесі мен жетістіктері тәрбие процесінде басшылыққа алынады. Басқаша айтқанда жоғарыда аталған заңдар тәрбиеленушілердің жас және дара ерекшеліктерін ескерумен байланысты ғана табысты болады және соған сәйкес оларға түзетулер енгізіліп отырылады. Өйткені тәрбие процесінде ең маңызды әрі жетекші рөлді адамдар орындайды, сондықтан-да олардың ерік жігерін, өзіндік жеке-дара ерекшеліктері мен мінез-құлықтарын ескеру қажеттілігі айқын мәселе.

Тәрбие процесін ұйымдастыруда заңдармен қатар өзіндік **заңдылықтары** да бар.

Тәрбие заңдылықтары – бұл тұрақты, қайталанатын, тәрбиемен объективтік тұрғыдан мәнді байланысы бар, оларды жүзеге асыруда оқушы тұлғасының нәтижелі дамуына өте маңызды ықпал ететін *тәрбие процесінің негізгі бір компоненті*.

Олардың қатарына жатады:

1)Тәрбиенің қоғамдық қажеттілікпен және тәрбие жағдайымен органикалық байланыста болу заңдылығы. Өйткені елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайының едәуір өзгеруі, тәрбие жүйесінің де өзгеруіне себепші болады. Яғни, мемлекеттің дамуы, мысалы, өскелең жас ұрпақты қалыптастыруда ұлттық сана-сезімнің, Отанға деген сүйіспеншіліктің, ана тіліне және өзінің ұлтына, оның мәдениеті, өнері және дәстүріне деген құрметтің болуын талап етеді.

2)Адам әртүрлі факторлардың әсерімен тәрбиеленеді (үлкендер, қоғамдық қатынастар және сана формалары, әлеуметтік және табиғи орта, әлеуметтік тәжірибе, әр түрлі бағыттағы ақпараттар және т.б.). Бұл процесте ең алдымен ата-аналар және педагогтар маңызды рөл атқарады. Оның нәтижелі өтуі тек ұлттық ортада, табиғи жағдайда атқарылады. Мәселен, баланың ана тілі, өзін қоршаған табиғаты, ұлттық мәдениеті, дәстүрлері және т.б.

3)Баланың үнемі жетілуі, даму жағдайында болуы, бұл – табиғи заңдылық. Бұндай жағдайда тәрбие процесі маңызды рөл атқарады. Ол оның тұлғалық, шығармашылық дамуына бағытталып, мақсатты, жоспарлы түрде ұйымдастырып отырады. Тәрбие процесінің нәтижесінің табысты болуы баланың ішкі әлеміне және рухани жан дүниесіне үнемі тәрбиелік ықпал етумен жүзеге асады. Яғни оның ақыл-ойы, көзқарасы, сенімі, құндылық бағыты, эмоционалдық саласының жетіліп, дамуымен тығыз байланысты қарастырылады. Бұндай қатынас тәрбие мен дамудың бірлігі және өзара тығыз байланысын сипаттайды. Демек, тәрбие бар жерде даму бар.

4)Баланың өзінің түрлі әрекетінсіз және оның сыртқы ортамен табиғи қарым-қатынасынан тыс тәрбиенің болмауы жағдайы. Бұндай көзқараста іс-әрекеттік және қарым-қатынас тәрбиеде жетекші және анықтаушы фактор болып саналады. Соның ішінде, іс-әрекет баланың оқуы, еңбегі, ойыны, спорттық, көркемөнер, шығармашылық және т.б. әрекеттерінің жүзеге асуында сана мен мінез-құлықтың бірлігін қалыптаструда негізгі фактор болады.

5)Тәрбие процесінің нәтижелі болуы баланың өзін қоршаған ортаға тікелей қатынасына және оған дұрыс педагогикалық ықпал етумен байланысты. Тәрбие процесінде қалыптасқан көзқарастар, сенімдер және мінез-құлықтың себеп-салдары (мотив) баланың педагогикалық ықпалдастыққа қатысты ұстанымын анықтайды.

6)Тәрбие процесінің нәтижелі болуы ұжымдағы дұрыс моралдық-психологиялық көңіл-күй жағдайына байланысты. Ол балада жағымды адамгершілік сапаның және өзара сыйластықтың қалыптасуына ықпал етеді. Әсіресе, бұл процесте баланың тәрбиесі мен өзін-өзі тәрбиелеуінің өзара үйлесімді байланыста болуы маңызды. Соған орай тәрбие жұмысын ұйымдастыруда педагог немесе тәрбиеші тәрбие мен өзін-өзі тәрбиелеудің бірлігі және өзара байланысын қамтамасыз етуі қатаң міндеттеледі. Өйткені тәрбиедегі түпкі мақсаттың нәтижелі болуы баланың өзін-өзі тәрбиелеуіне қол жеткізу. Яғни оны объектіден субъектілік қатынасқа қол жеткізу. Бұл тәрбиедегі бірден-бір даналық.

5. Тәрбиеде бірыңғай дайын рецептін болмауы және оны қолдану мүмкін еместігі. Өйткені кез келген аумақта, мектепте, сыныпта, ортада оқушылардың тәрбиелік деңгейі, сапасы, соған сәйкес оның сана-сезімі, мінез-құлқы, ерік-жігерінің қалыптасуы бірыңғай, біркелкі немесе бірқалыпты жағдайда болмайды. Оларға ықпал ететін өзіне тән табиғи ресурстары, мәдени құндылықтары, дәстүрлері, ерекшеліктері болады. Сондықтан да тәрбие процесінде бірінші кезекте осындай ерекшеліктерді ескеру басшылыққа алынады.

6. Қоғамның үнемі өркендеп дамуы, онда өмір сүріп отырған әрбір жеке адамның күш-қуаты мен өмірлік ұстанымына тәуелді екендігінде. Бұндай көзқараста, біріншіден тәрбие процесінің мәні, қоғамның талабына сай әрбір өскелең жас ұрпаққа әлеуметтік тәжірибені меңгерту арқылы тұлғалық дамуына ықпал етсе, екіншіден, ол өз кезегінде қоғамның үнемі алға қарай үдемелі дамуын қамтамасыз етеді. Олар бір-бірімен өзара тығыз байланыста болады. Ол үшін тәрбие процесінде баланың сана-сезімі мен ерік жігерін, мінез-құлқын, өмірлік ұстанымын тәрбиелеу негізгі міндеттердің бірі болып саналады. Нәтижесінде қоғам өзі үшін саналы, белсенді, ерік-жігері, күш-қуаты мол азаматты тәрбиелесе, сол азамат өзі өмір сүріп отырған қоғамның тұрақты өмір сүріп, үнемі алға қарай қарқынды дамуына тікелей ықпал етеді. Тәрбиедегі түпкі мақсат осы.

Педагог, бұл және т.б. көптеген заңдылықтарды қандай да бір тәрбиелік жағдайды құруда немесе тәрбиелік іс-әрекеттерді ұйымдастыруда міндетті түрде ескеруі және басшылыққа алуы қажет. Осылардың бәрі оның алдағы уақытта белгілі бір мақсатқа қол жеткізуіне бағытталған *жан-жақты әрекетінің жоспарын* нәтижелі құруын қамтамасыз етеді және оның барысында оң нәтижеге қол жеткізуіне көмектеседі. Ол үшін тәрбиенің **жалпы** және **жекелеген** заңдарын терең әрі жетік білу қажет. Болмаса, оларды өз дәрежесінде жетілдіруге және жан-жақты нәтижелі пайдалануға мүмкіндік бермейді. Шынайы өмір жағдайы көрсеткендей, тек заңдылықтарды және тұлғаның дамуында қарама-қайшылықты терең танып білу, педагогикалық процесті басқаруға теориялық-әдіснамалық жағынан негіз бола алады. Керісінше, тұлғаны қалыптастыру және дамыту процесінде шынайы қарама-қайшылықтарды үстірт танып білу немесе қажет етпеу, тәрбие процесін нәтижелі, табысты ұйымдастыруға кері әсерін тигізеді.

Егерде, жоғарыда айтылған және т.б. заңдылықтарды тәрбие жұмысынла өз дәрежесінде қарастырсақ, онда бізге тәрбие процесін іс жүзінде қандай жағдайда ұйымдастыру керектігі жайлы алдын ала түсінік береді. Бізге мәлім, ғылымда теориялық заңдылықтар тыңғылықты

әрі жеткілікті дәрежеде жасалған болса, онда олар іс жүзінде қандай да бір практикалық әрекеттің принциптері бола алады. Өйткені ғылымда қалыптасқан заңдылықтар практикалық әрекеттің сипатының сондай болуына себепкер болып, оны ұйымдастырудың принциптік талаптары ретінде қарастырылады. Дегенмен де, практикалық әрекеттің принциптерін анықтау, зерттеу жұмыстары бастапқы немесе негізгі мәселесі бола алмайды, керісінше, оның қорытынды нәтижесі ретінде қарастырылады, өйткені олар (принциптер) сол әрекеттің мәніне сәйкес келген жағдайда ғана шынайы болатынын жақсылап түсіну қажет.

Сондай-ақ, педагогика ғылымында қалыптасқан дәстүр бойынша негізгі мәселе заңдылықтарды бірінші кезекте ашу қарастырылмайды, керісінше, оның принциптерін қалыптастыруға бағытталған. Себебі, **тәрбие заңдылықтары тәрбиенің принциптері арқылы жүзеге асады.** Соған орай көптеген педагогика еңбектерінде, ғылыми жұмыстарда тәрбиенің заңдылықтарына қатысты мәселелер, көбінесе жеке-дара қарастырылмайды. Қазіргі жағдайда жоғарыда мазмұндалған тәрбие заңдылықтары тәрбие жұмысында негізге алынатын принциптер немесе мектеп жағдайында оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруға қойылатын *талаптар* ретінде қарастырылады. Бұл заңдылықтарды кез келген тәрбиелік жағдайды қалыптастыруда ескеру қажет. Осының бәрі алға қойған мақсаттарға жетуде педагогтардың белгілі бір үлгі (модель) бойынша әрекет етуін қамтамасыз етеді және оған тәрбие жұмысында шынайы нәтижеге жетуіне көмектеседі.

Бұндай жағдай, оқушыларға әлеуметтік тәжірибені меңгертуде әрекеттің әр түріне қатыстыру қажеттігін міндеттейді және олардың белсенділігі мен өз бетінше жұмыс жасауға деген талпынысын ынталандыруды көздейді.

#### ӘДЕБИЕТ

1. Педагогика. Дәріс курсы. Алматы: «Нұрлы Әлем», 2003.
2. Әбенбаев С. Педагогика. Оқулық. 2-басылым. /С.Әбенбаев. – Астана: Фолиант, 2015.

#### НЕОБХОДИМОСТЬ УСВОЕНИЯ СТУДЕНТАМИ ЗАКОНОВ И ЗАКОНОМЕРНОСТЕЙ ОРГАНИЗАЦИИ ВОСПИТАТЕЛЬНОЙ РАБОТЫ С УЧАЩИМИСЯ КАК БУДУЩИМИ ПРОФЕССИОНАЛАМИ

**Абенбаев С.Ш.**, к.п.н., профессор  
КазУМОиМЯ имени Абылай хана  
Алматы, Казахстан, e-mail: abenbaev@mail.ru

**Аннотация.** В статье рассматривается необходимость усвоения студентами законов и закономерностей организации воспитательной работы с учащимися как

будущими профессиональными специалистами. Автором сделан анализ понятиям воспитательного процесса, а также даны классификации закономерностей. Все это обеспечивает деятельность педагогов по определенной модели в достижении поставленных целей и помогает ему достичь реальных результатов в воспитательной работе. Такая ситуация обязывает учащихся к участию в различных видах деятельности в освоении социального опыта, предусматривает стимулирование их активности и стремления к самостоятельной работе.

**Ключевые слова:** познание, воспитание, процесс, воспитательный процесс, закон, закономерности.

*Статья поступила 02.10.2019*

## COMPETENCE APPROACH AS THE BASIS OF THE ORGANIZATION OF THE PEDAGOGICAL PROCESS

**Kaliyeva K.M.**<sup>1</sup>, c.p.s., professor

**Aymagambet T.**<sup>2</sup> master

<sup>1,2</sup>KazUIRandWL named after Ablai Khan, Almaty, Kazakhstan,

e-mail: Larida\_80@mail.ru

**Abstract.** At the present stage of development of the education system in Kazakhstan, the priority is to improve its quality, which acts as the basis for the formation of a socially mature creative person. This is facilitated by such an organization of the educational process, which is carried out on the basis of and in combination with a personality-oriented, active, competency-based approach. The article discusses the essence of the competency-based approach, the conditions for its implementation in vocational training, discloses an algorithm for constructing a competency-based educational process.

**Key words:** competency-based approach, competence, competence, project method, quality of education, professional competence of teachers.

ӘӘЖ 378

## БІЛІКТІЛІК ТӘСІЛ - ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРОЦЕСТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ НЕГІЗІ

**Калиева К.М.**<sup>1</sup>, п.ф.к., профессор

**Аймагамбет Т.**<sup>2</sup>, магистрант

<sup>1,2</sup>Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ

Алматы, Қазақстан

e-mail: kalieva.k.m@mail.ru

**Аңдатпа.** Қазақстандағы білім беру жүйесінің қазіргі даму кезеңінде әлеуметтік шығармашыл жетілген тұлғаны қалыптастыруға негіз болып табылатын білім сапасын көтеруге басымдылық берілуде. Бұл өз кезегінде білім беру процесін жаңаша көзқарастар тұрғысынан, атап айтқанда тұлғаға бағдарланған, іс-әрекеттік, біліктілік тәсілдерді ұштастыра отырып ұйымдастыру талабын қояды. Мақалада біліктілікке негізделген тәсілдің мәні, оны кәсіби даярлық барысында жүзеге асыру шарттары қарастырылған,



біліктілікке бағдарланған білім беру процесін құру алгоритмі ашып көрсетіледі.

**Тірек сөздер:** біліктілік тәсіл, біліктілік, білік, тәрбиелік пікірталас, жоба әдісі, білім сапасы, мұғалімдердің кәсіби біліктілігі.

Жоғары кәсіби білім беретін оқу орындарының, білім беру жүйесінде білікті мамандар даярлаудың басты мақсаты мамандықтарды игерту ғана емес, сонымен қатар әлемдік білім кеңістігіне ене отырып, бәсекеге қабілетті тұлға дайындау, яғни кәсіби біліктілік мүмкіндіктері арқылы нәтижеге бағдарланған білім беру жүйесін құру. Білім беру жүйесі мен сапасындағы өзгерістер тұлғаның білімдену үдерісінде, оның кәсіби тұрғыдан мамандану ерекшеліктерімен үйлесім табуы қажет. Мұнымен байланысты, қазіргі уақытта оқу пәндерінің біліктілікті қалыптастыру, тұлғалық қасиеттерді, дербестікті, бастамашылдықты дамыту, сондай-ақ білім беруді ұйымдастырудағы түрлі тәсілдерді кешенді іске асырудың маңыздылығы арта түседі.

Оқыту процесін пән бойынша оқу мақсаттарына жетуге, оқу бағдарламалары мен жоспарларында берілген білім, іскерлік, дағдыларды меңгертуге бағытталған оқытушы мен білім алушының біріккен іс-әрекеті ретінде қарастыруға болсақ, соған сәйкес оқыту қызметі үш негізгі мәнді педагогикалық құбылыстарды біріктіру арқылы жүзеге асады:

- оқу мақсаттарын жүзеге асыру бойынша (білім беру міндеттері) педагогтың іс-әрекеті (оқыту), ақпаратпен қамтамасыздандыру, тәрбиелеу, білімді түсіну және практикалық қолдану;

- процестегі білім алушының әрекеті (оқу), түсіну, жаттығу, алынған тәжірибе негізінде іс-әрекеттің және мінез-құлықтың жаңа формалары пайда болады, бұрынғы қабылданғандар өзгеріске түседі;

- өзін-өзі дамыту – өзін-өзі жетілдіруге деген қажеттіліктің негізінде тұлғаның психологиялық статусының белсенді, жүйелі, жағымды өзгеруі.

Оқыту, оқу, және өзін-өзі дамыту бір-бірімен өзара байланысады. Оқу - бұл «қоршаған орта», «білім беру жүйесі», өркениеттің мәдени мұрасы жөнінде жинақталған әлеуметтік тәжірибені меңгеру процесі, ал оқыту – бұл аталған тәжірибені жеткізудің жоспарланған, ұйымдастырылған процесі. Аталған дидактикалық ұғымдар педагогикалық процестің қарапайым, жүйелі құрылымын бейнелейді.

Пәндерді оқыту барысындағы «оқыту» және «оқу» процестерінің өзіндік ерекшеліктері бар. Оқу процесі оқыту процесіне бағытталуы қажет. Алайда, негізінен білім беру мекемелерінде ол оқыту процесіне бағытталған. Ең өзекті мәселе пәндерді оқытуда оқу процесін оқытудан оқуға қайта бағдарлау болып табылады, яғни ол білімді жеткізу мен іскерлік пен дағдыны дамытуға ғана бағдарланбай, студенттердің әрекетке

нақты қатынасын және олардың шынайы мінез-құлқын қалыптастыруға бағытталуы қажет.

Берілген білім мен мәселені шешудің және оны шешу іскерлігі мен ұмтылысының арасында үлкен айырмашылық бар. Педагог мәселені шеше алуы қажет.

Сонымен, пәндерді оқыту үшін оқу процесін «оқыту» түрінен «оқу» түріне өзгерту қажет.

Бұл өзгеріс былайша іске асуы мүмкін:

- пәндегі негізгі тақырыптар мен міндеттерді оқытуда интегративті оқытуға көшу;

- сәйкестендіру және мәселелерді шешу процесінде дұрыс жолдарды іздестіруді үйретуге басты назарды аудару;

- оқытудың жар түрінен белсенді түріне ауысу;

- оқу процесін мұғалім бақылауынан білім алушы бақылауына ауыстыру (мұғалім тек оқу процесінің талаптарын анықтайды, ал студенттер осы талаптардың негізінде оқытуды қалай жүзеге асыратындықтарын, яғни оқу процесінің жүру барысын бақылайды).

Осылайша, бақылау «білім – студенттің тапсырманы орындау кезеңі» принципі бойынша жүзеге аспайды, «оқу процесінің мақсаты – студенттің осы мақсатқа жету кезеңі» принципі бойынша жүзеге асады.

ЖОО пәндерді оқыту процесінің ерекшелігін оның негізгі ұғымдарының сипаттамалары арқылы анықтауға болады. Негізгі ұғымдарға: мақсат, міндет, принцип, мазмұн, форма және әдіс жатады.

Оқыту мақсаты педагогикалық іс-әрекетте жүйелі қызмет атқарады, мақсатты анықтау көп жағдайда оқыту мазмұнын, әдістерін, құралдарын таңдауға байланысты.

Оқыту мақсатын анықтауда әртүрлі көзқарастар бар. Мамандарды даярлаудағы оқыту мақсатын біз туындайтын пәндік және әлеуметтік ситуациялардағы сәйкес іс-әрекетке олардың қабілетін қалыптастыруды көздейтін нақты біліктіліктер тобы деп түсінеміз. Сонымен қатар оны оқу кезеңіндегі студенттердің болашақ кәсіби іс-әрекетінің тұтас құрылымын жасау тұрғысынан да қарастыруға болады. Мақсаттарды қалыптастыру білім алушының жаңа мүмкіндіктерін сипаттау арқылы жүзеге асырылады және кәсіби біліктіліктерді қалыптастыру ретінде анықталады [1].

Пәндерді оқытудың мақсаты: негізгі және арнайы оқу біліктіліктерін дамыту. Дидактиканың тұтас және функционалды аспектілерінің, білім беру заңдылықтарының, тұлғаны тәрбиелеу мен дамытудың негізінде пәндерді оқытудың теориясын шешуге бағыттайтын міндеттерді сатылап көрсетуге болады:

1. Жалпы міндет: білім алушыларды адам, қоғам, табиғат

құбылыстары мен заңдылықтары және оларды өзінің практикалық іс-әрекетінде саналы және белсенді түрде жүзеге асыру жөніндегі білімдерін молайту мақсатында жалпы адами құндылықтармен таныстыру.

2. Оқыту теориясы ретіндегі дидактиканың арнайы міндеті: ғылыми білімнің көлемі мен мазмұнын анықтау, яғни оқыту процесінің онтологиялық негізін анықтау; дидактиканың қызметтеріне бағытталған технологиялық жабдықтауды қалыптастыру; дидактиканың болжамдық-мақсаттық ұстанымын анықтау, яғни оқу процесін ұйымдастыруға және оны түзетуге қолайлы жағдай жасау.

3. Оқыту технологиясындағы арнайы міндет: пәндерді оқыту процесінің дидактикалық құрылымын анықтау, яғни оның танымдық мәні; пәндердің құрылымдық сипаттамасына сәйкес келетін оқыту моделін құрастыру.

Оқытудың мазмұнын құрастыру принципі Мемлекеттік Білім беру Стандартында анықталады.

ЖОО оқыту мақсаты білім берудің келесідей бағыттарымен байланысты:

- ғылымның дамуы және қазіргі жағдайы, сонымен қатар әлеуметтік мәдени ситуациялар бейнеленетін бастапқы бағыт;

- ЖОО білім беру мазмұнының құрылымын анықтаумен, берілетін білімнің теориялық-әдістемелік негізімен және жеке оқу пәндерімен байланысты теориялық бағыт;

- білім беру мазмұнының жалпымәдени компоненттерін басым дамытуға бағытталған гуманитарлық бағыт;

- студенттердің болашақ кәсіби іс-әрекетіне саналы көзқарасын дамытуға бағытталған аксиологиялық бағыт;

- мамандығына сәйкес жоғары кәсіби білікті мамандарды даярлауда ғылыми-техникалық ілгерілеуді дамытудың қазіргі деңгейіне сүйенетін кәсібилік бағыт;

- әртүрлі ғылыми салалардағы материалдарды және пәнаралық байланыстарды интеграциялау негізіндегі жүйелі-құрылымдық білімді қабылдауды көздейтін тұтастық және интеграция;

- ЖОО оқу бағдарламаларындағы міндетті және элективті курстарды байланыстыратын тиімділік бағыт. Оқу бағдарламасына студенттердің таңдауы бойынша курстарды ендіру мамандық бойынша терең кәсіби-бағдарланған білімді алуға мүмкіндік береді.

- ЖОО-да базалық (бакалавриат), толық (магистратура), докторантура сияқты әртүрлі кезеңдерге мамандарды даярлауды ұйымдастыруды көздейтін көпжүйелілік және үздіксіздік;

- мемлекеттік нормативті құжаттарға сәйкес меңгерілген әртүрлі

оқу пәндерінің көлемін, деңгейін, мазмұнын анықтайтын стандарттық бағыт.

Пәндерді оқыту мазмұнының құрылымында білім мен іс-әрекеттің интеграциясына басымдылық беріледі. Бұл студенттерге нақты білімді меңгеруге және қолдануға ғана мүмкіндік беріп қоймайды, сонымен қатар мазмұнды меңгеру бойынша іс-әрекет амалдарын меңгеруге мүмкіндік береді. Мәселен, педагогикалық пәндерді оқыту мазмұны педагогикалық іс-әрекетті талдаумен және бітіруші-педагогты еңбек нарығының талаптарына сай қалыптастырумен, яғни студент меңгеруі тиіс негізгі, базалық, арнайы біліктілік негізінде анықталады.

Оқыту мазмұнын іріктеу процесі жалпы дидактикалық және пәндердің мазмұнын құрастыруда қолдануға болатын принциптерге сәйкес жүзеге асады:

- оқыту мазмұнының қоғамның даму талаптарына сәйкестік принципі;

- оқыту мазмұнының оның әртүрлі деңгейлермен құрылымдық бірлігі принципі;

- пәндік мазмұнның тығыз бірлігін және бұл мазмұнды меңгеру көзқарасдерін білдіретін, оқытудың мазмұндық және әрекеттік жағының бірлігі принципі.

Оқу материалын іріктеудің аталған принциптеріне жалпыдидактикалық принциптер (ғылымилық, жүйелілік, саналылық, дербестік, топпен ұжымның байланысы, нақты және абстарктылы бірлік, қолжетімділік, білімнің беріктігі және сенімділігі) әсер етеді.

Қазіргі білім беруде біліктілік көзқарасты жүзеге асыру бәсекеге қабілетті, өз мамандығын жетік меңгерген кәсіби білікті мамандарды даярлау мақсатына жетуге мүмкіндік береді [2]. Жоғары білікті педагог әлемдік стандарт деңгейінде мамандығы бойынша тиімді жұмыстарды атқара білуге қабілетті және әлеуметтік кәсіби тұрғыдан өзін үздіксіз жетілдіріп отыруға даяр маман. Осы көзқарас тұрғысынан ЖОО білім беру іс-әрекетінің негізгі нәтижесі білікті педагог-маманды даярлау болып табылады. Біліктілікті дамыту бойынша педагогикалық мақсаттың ерекшелігі мынада: білім алушы іс-әрекет нәтижесінде қалыптасады, яғни білім алушы нақты әлеуметтік тәжірибелерді меңгеру процесінде дамиды.

Сонымен, пәндердің мазмұнын іріктеу былайша жүргізілуі керек: оқу курсының нақты бөлімдерін оқытуда студенттерде оқытуға сәйкес кәсіби біліктіліктер қалыптасып отыруы шарт. Осылайша, біліктілік көзқарас педагогикалық процесті жобалаудың негізі болуы тиіс.

Зерттеу нәтижелерін талдау «білік» пен «біліктілік» ұғымдарын айырмашылығын былайша көрсетуге мүмкіндік береді:

- біліктер – студенттің оқу барысында меңгерген білімдерін практикада тиімді жүзеге асыра алу қабілеті және нақты іс-әрекетте білім, білік іскерлікті біруақытта қолдана алу.

- біліктілік – біліктіліктерді тиімді жүзеге асыруда және қызметкердің жұмыс тиімділігін көрсететін соңғы нәтижені, оның өзінің жұмысында қойылған мақсатқа жете білу қабілетін бейнелейтін кәсіби, тұлғалық сапалардың жиынтығы. Қызметкердің біліктілігін бағалау кәсіби стандарттарға және қызметкердің қызметтік міндеттерін атқару қабілетіне тікелей байланысты болып келеді. Біліктілікті көрсету үшін адам өзінің біліктілігін, яғни құзыретті болуға итермелейтін мінез-құлық моделін көрсетуі қажет.

Сонымен білік әдетте жұмыстағы міндеттерді шешу қабілеті ретінде сипатталады, ал біліктілік осы қабілеттерді қамтамасыз ететін мінез-құлық стандарты ретінде сипатталады. Білім алушылардың білім деңгейін салыстыру негізінде оқу барысында меңгерілген біліктіліктерді салыстыруға болады.

Кәсіби біліктілік мәселесі бойынша психологиялық-педагогикалық әдебиеттерге жасаған талдау аталған феноменге ғалымдардың әртүрлі көзқарас танытып отырғандығын көрсетеді:

4. Түрікпенұлы Ж. //Кәсіптік бағдар - Алматы: Санат, 1995. -145 б.

### ОСНОВНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ФОРМИРОВАНИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ОРИЕНТАЦИЙ СТАРШЕКЛАСНИКОВ

**Уртанова Н.С.,**

магистрант КазУМОиМЯ им. Абылай хана  
Алматы, Қазақстан, e-mail: Naz-095@bk.ru

**Аннотация.** Статья посвящена исследованию основных проблем профессионального самоопределения личности. В последние годы отношение к профориентации учащихся существенно изменилось, что в первую очередь связано с введением профессиональной ориентации старшекласников средней школы. В статье автор подчеркивает, что внедрение профилированного обучения может оказать положительное влияние на ориентацию учащихся на будущую профессиональную деятельность и что они имеют равный доступ к очной форме обучения для разных категорий учащихся в соответствии с их потребностями. В связи с этим анализируется содержание работы по формированию у учащихся профориентационных навыков в контексте профильного обучения.

**Ключевые слова:** профессиональная ориентация, выбор профессии, профильное обучение, самоопределение, навыки профориентации, личностные возможности студента.

*Статья поступила 07.10.2019*



УДК 37.013

## THE FORMATION OF PROFESSIONAL COMPETENCIES OF CADETS AT THE MILITARY ACADEMY

**Rakpanova K.S.**, master student  
KazUIR&WL named after Ablai Khan  
Almaty, Kazakhstan, e-mail: r.karlygash\_72@mail.ru

**Abstract.** The article characterizes the professional competence of cadets of educational institutions of Russia as a scientific concept and significant phenomenon in contemporary higher education; it presents its structural components, features of its formation in the process of professional training of students.

**Keywords:** competence-based approach, professional competence, military education, cadets, professionalism, innovative technologies

## ФОРМИРОВАНИЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНЫХ КОМПЕТЕНЦИЙ КУРСАНТОВ ВОЕННОГО ВУЗА

**Ракпанова К.С.**, магистрант  
КазУМОиМЯ им. Абылай хана  
e-mail: r.karlygash\_72@mail.ru

В статье характеризуется профессиональная компетенция курсантов образовательных учреждений Казахстана как научное понятие и значимый феномен в современном высшем образовании, раскрываются ее структурные компоненты, особенности ее формирования в процессе профессиональной подготовки курсантов.

**Ключевые слова:** компетентностный подход, профессиональные компетенции, военное образование, курсанты, профессионализм, инновационные технологии.

Происходящие в нашей стране, модернизация армии, появление новых видов вооружения и техники, оказывают существенное влияние на смену приоритетных задач, стоящих как перед Вооруженными Силами Республики Казахстан, так и системой военного образования. Основной задачей подготовки офицеров в военных вузах является обеспечение полного соответствия будущего офицера новому облику Вооруженных Сил РК и реалиям современного общества. Современному обществу нужны высококвалифицированные специалисты, поэтому в современном профессиональном образовании главным становится компетентностный подход, который в большой мере способствует повышению качества профессионального образования, основной задачей которого становится формирование различных компетенций у выпускников вузов

Современный этап реформирования системы военного образования РК характеризуется поиском и внедрением путей, позволяющих обеспечивать радикальное повышение профессионализма и общей

культуры военных специалистов. Поскольку эффективное решение поставленных задач, стоящих перед Вооружёнными Силами, во многом определяется качеством подготовки офицерских кадров, проблема управления формированием их профессиональной компетентности становится актуальным направлением психолого-педагогических исследований.

В процессе профессиональной подготовки будущий офицер должен получить прочные и глубокие профессиональные знания, овладеть необходимыми практическими умениями и навыками, чтобы применять их в будущей деятельности.

Специалист должен обладать умениями и профессиональной мобильностью, оперативно реагировать на постоянно возникающие изменения в практической и научной деятельности, общественной практики в целом. Современные подходы и трактовки профессиональной компетентности весьма различны. Существующие на сегодняшний день в зарубежной литературе определения профессиональной компетентности как «углубленного знания», «состояния адекватного выполнения задачи», «способности к актуальному выполнению деятельности» и другие не в полной мере конкретизируют содержание этого понятия [1]. Профессиональная компетентность – это профессиональная подготовленность и способность субъекта труда (специалиста или коллектива) к выполнению задач и обязанностей повседневной деятельности.

Это положение отражено в новом словаре методических терминов и понятий Э. Г. Азимова и А. Н. Щукина, которые указывают, что под компетенцией понимается «совокупность знаний, навыков, умений, формируемых в процессе обучения той или иной дисциплине, а также способность к выполнению какой-либо деятельности на основе приобретенных знаний, навыков, умений» [2]. Такое понимание компетенции, с нашей точки зрения, сужает содержание данного понятия. Новое качество в подготовке специалиста характеризуется способностью не только применять полученные знания и умения в профессиональной деятельности, но и находить самостоятельные творческие решения производственных задач, используя нестандартные методы и формы работы. Решение данных задач можно успешно осуществить, если процесс профессиональной подготовки строить на основе компетентностного подхода. Известно, что основой компетентностного подхода является приобретение личного профессионального опыта, на основании которого у специалиста формируется способность решать сложные профессиональные вопросы [4]. Данный подход позволяет формировать у будущих специалистов различные компетенции, способствующие

формированию такого интегративного качества личности, как профессионализм. Проблема профессионализма исследовалась и продолжает оставаться предметом научных исследований многих ученых (Ю. К. Бабанский, Л. М. Митина, О. М. Косянова, Н. В. Кузьмина и др.). Так, Ю. К. Бабанский считал, что профессионализм является самостоятельной категорией, которая соприкасается с мастерством, является интегративным качеством личности, формируемым в деятельности, и определяет результат этой деятельности [3]. О.М. Косянова утверждает, что специалист должен обладать сформированной профессиональной компетенцией, которая должна служить основой профессионализма [6]. По мнению Н. В. Кузьминой, профессионализм характеризуется мотивами, умениями осознания важности профессии, самосовершенствованием в профессии [7]. Л.М. Митина, исследуя вопросы профессионализма с психологической точки зрения, подчеркивает, что профессионализм следует рассматривать в русле интегративного качества, которое способствует эффективности профессиональной деятельности. Психологическая модель профессионализма, с точки зрения Л. М. Митиной, включает в себя профессиональные знания, профессиональные способности, общую культуру и приобретенные умения (гностические, проектировочные, конструктивные, коммуникативные, организаторские) [8]. В научной литературе большое внимание уделяется классификации и сущности компетенций специалистов разного профиля. Учеными выделены разные группы компетенций: группа социально-личностных, группа общепрофессиональных, группа специальных компетенций (В. Д. Шадриков) [14]; группы общих, профессиональных, академических компетенций (В. И. Байденко) [4]; ключевые компетенции (А.В. Хуторской) [13]. Ю. Г. Татур выделяет компетенции общенаучной сферы, которые являются основой той или иной профессии [11; 12]. В. А. Адольф, исследуя профессиональную компетентность педагога, подчеркивает, что данная компетентность состоит из следующих компонентов: мотивационного, целевого, личностного, содержательно-операционального [1]. Таким образом, анализ литературы показывает неоднозначность подходов к выделению и обоснованию разных групп компетенций. Проблеме формирования профессиональных компетенций курсантов военных учебных заведений и студентов технических вузов посвящен целый ряд диссертационных работ (П. Н. Коноваленко, В. А. Смирнов, А. В. Романов, И. Я. Янюк и др.). Так, П. Н. Коноваленко исследует проблему формирования педагогической компетенции курсантов вузов МЧС России при проведении учебной практики [5]; проблему формирования профессионально-правовой компетенции специалистов противопожарной

службы МЧС России в вузе рассматривает В. А. Смирнов [10]; процесс развития профессионализма студентов технического вуза исследует А. В. Романов [9]; вопрос о формировании исследовательской компетенции студентов технического вуза раскрывает И. Я. Янюк [15.].

Основной целью высшего образования является не только подготовка высококвалифицированных специалистов, но и интеллектуальное и нравственное развитие обучаемых, реализация их потенциала, оценка качества ориентируется на содержание учебного процесса, которое способствует наиболее полной реализации потенциальных способностей обучаемых.

Одной из главных задач военно-учебных заведений Республики Казахстан является подготовка офицеров, способных эффективно исполнять должностные обязанности по основной или однопрофильной специальности. Формирование необходимых военно-профессиональных навыков выпускников вузов является ключевым звеном решения данной задачи и обеспечивается всем образовательным процессом на основе реализации государственных общеобязательных стандартов образования.

Проблема повышения эффективности военно-профессиональной подготовки офицера связана с рядом обстоятельств:

- **во-первых**, повышение требований к профессиональной компетентности офицерских кадров, обусловленное увеличением количества выполняемых воинскими подразделениями боевых и служебно-боевых задач, развитием способов их осуществления и средств вооруженной борьбы, оказывает действенное влияние на изменение целей и содержания военно-профессиональной подготовки курсантов в вузе и диктует необходимость усложнения имевшихся и разработки новых педагогических технологий, средств и методов обучения с целью развития у выпускников мировоззрения, ценностной ориентации, гражданских и профессионально значимых качеств и свойств личности;

- **во-вторых**, с унификацией системы высшего профессионального образования, интеграцией высшего гражданского и высшего военного образований;

- **в-третьих**, с возобновлением после перерыва приобретения новых технических средств вооружения.

Возрастание социальной значимости профессиональной деятельности офицера вызывает острую необходимость внесения серьезных корректив в образовательный процесс, совершенствование структуры и содержания военного образования, повышение научно-методического уровня преподавания, придание военно-профессиональной направленности учебно-воспитательному процессу в целях улучшения

профессиональной подготовки офицеров к управлению подразделениями. В связи с этим возникает необходимость нового подхода к формированию профессиональной компетентности в процессе высшего военно-профессионального образования.

Управленческая компетентность курсанта военного вуза представляет собой интегративное свойство личности, выражающиеся в совокупности компетенций в управленческой сфере, коммуникативных способностей поведения в военной среде, позволяющие эффективно планировать и осуществлять управленческую деятельность, а также анализировать ее результаты.

Специфика управленческой компетентности обусловлена действием общих, особенных и единичных требований к военной службе, а сущность и структура определяются сформированностью у будущего офицера комплекса качеств, отвечающих требованиям, целям, задачам и характеру современной управленческой деятельности.

Большое значение в процессе формирования профессиональных компетенций курсантов имеет создание следующих педагогических условий:

- моделирование при изучении специальных дисциплин чрезвычайных ситуаций с помощью деловых игр, создания компьютерных проектов, организации комплексных учений на практических занятиях в учебных центрах;
- организация взаимосвязи аудиторной и внеаудиторной работы курсантов;
- создание условий для самостоятельной творческой деятельности курсантов;
- применение профессиональных задач с использованием кейс-метода, викторин, олимпиад, конкурсов мастерства, содержание которых разрабатывается курсантами.

Обратимся к примерам. На занятиях по дисциплине «Иностранный язык» курсанты изучают тему «Охрана государственной границы». Основной целью занятий является приобретение курсантами глубоких и прочных знаний по основным аспектам темы. При проведении профессионального тренинга курсантам предлагались такие задания:

- «Смоделируйте реальные ситуации и продемонстрируйте их, например, такие, как «Опрос местного жителя», «Допрос нарушителя государственной границы», «Задержание лиц с контрабандным товаром»;
- «Составьте викторину на тему основные задачи офицера-пограничника и проведите ее на занятиях»;
- «Организуйте просмотр видео о некоторых видах военной

техники, контрольно-пропускных пунктов»);

– «Подготовьте и проведите деловую игру «Взаимодействие пограничного подразделения на приграничном населенном пункте».

Как показывают наблюдения за учебным процессом и опросы курсантов о предлагаемых заданиях, курсанты творчески подошли к выполнению подобных заданий, применяя нестандартные пути разрешения производственных ситуаций, самостоятельно решая профессиональные задачи. Итак, используемые в процессе профессиональной подготовки курсантов инновационные формы работы способствуют формированию профессиональных компетенций курсантов в аспекте производственно-технологической деятельности.

#### ЛИТЕРАТУРА

- 1 Kramsh From language proficiency to interactional competence // Modern Language Journal. 1986. № 70. – p.12.
- 2 Азимов Э. Г., Щукин А. Н. Новый словарь методических терминов и понятий (теория и практика обучения языкам). – М.: ИКАР, 2009. – 448 с.
- 3 Бабанский Ю. К. Оптимизация процесса обучения. Общедидактический аспект. – М.: Просвещение, 1983. – 250 с.
- 4 Байденко В. И. Компетенции: к освоению компетентного подхода. – М., 2004.
- 5 Коноваленко П. Н. Формирование педагогической компетентности курсантов образовательных учреждений МЧС России в процессе учебной практики : автореф. дис. ... канд. пед. наук. – Ярославль, 2005. – 24 с.
- 6 Косянова О. М. Интегративный подход к формированию профессиональной коммуникативной компетентности студентов правовых специальностей : автореф. дис. ... д-ра пед. наук. – М., 2008. – 48 с.
- 7 Кузьмина Н. В. Профессионализм личности преподавателя и мастера производственного обучения. – М. : Высшая школа, 1990. – 149 с.
- 8 Митина Л. М. Психология развития конкурентноспособной личности. – М. ; Воронеж, 2002. – 226 с.
- 9 Романов А. В. Совершенствование профессиональной подготовки курсантов в военных инженерных вузах : автореф. дис. ... канд. пед. наук. – Шуя, 2009. – 23 с.
- 10 Смирнов В. А. Формирование профессионально-правовой компетентности специалистов противопожарной службы МЧС России в вузе : автореф. дис. ... канд. пед. наук. – М., 2007. – 23 с.
- 11 Татур Ю. Г. Компетентный подход в описании результатов и проектировании стандартов высшего профессионального образования. – М., 2004.
- 12 Татур Ю. Г. Компетентность в структуре модели качества подготовки специалиста // Высшее образование сегодня. – 2004. – № 3.
- 13 Хуторской А. В. Ключевые компетенции и образовательные стандарты : доклад на отделении философии образования и теории педагогики РАО 23 апр. 2002 г.
- 14 Шадриков В. Д. Новая модель специалиста: инновационная подготовка и компетентный подход // Высшее образование сегодня. – 2004. – № 8.
- 15 Янюк И. А. Формирование исследовательской компетентности студентов технических вузов : автореф. дисс. ... канд. пед. наук. – Шуя, 2010. – 22 с.

## ӘСКЕРИ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫ КУРСАНТТАРЫНЫҢ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**Ракпанова Қ.С.** магистрант  
Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӨТУ  
Алматы, Қазақстан, e-mail: r.karlygash\_72@mail.ru

**Аңдатпа.** Мақалада Қазақстан оқу орындарында курсанттардың кәсіби біліктілігі қазіргі жоғары білім беруде ғылыми түсінік және маңызды құбылыс ретінде сипатталады, оның құрылымдық компоненттері, сонымен қатар курсанттарды кәсіби даярлау процесінде қалыптасу ерекшеліктері ашылады.

**Тірек сөздер:** біліктілік тәсілі, кәсіби біліктілік, әскери білім, курсанттар, кәсіпқойлық, инновациялық технологиялар.

*Статья поступила 19.10.2019*

## TO THE PROBLEM OF THE DEVELOPMENT OF PEDAGOGICAL DESIGN OF COMPETENCE AMONG FUTURE TEACHERS

**Artykbayeva L.B.**, master student  
KazUIR&WL named after Abylai Khan  
Almaty, Kazakhstan, e-mail: artykpaeva@mail.ru

**Abstract.** In this article, the author analyzes the importance of the qualifications of future teachers and describes the word "project". The essence of the pedagogical concept is revealed.

Theoretical approaches to the concept of "project" were considered in order to determine the essence of the pedagogical concept, to study its structure.

The teacher must not only introduce a new methodological language and introduce new theoretical knowledge into practice, but must also master new methods and modern educational methods of his professional activity. So, the question: "How to encourage teachers not only to maintain their professionalism, but also to contribute to further self-development?"

Educational processes have led to a wide range of project activities in educational practice. The correctness of the pedagogical concept is determined by the fact that each teacher is the only guarantor of professional development and self-development

**Keywords:** project, design, professional competence, pedagogical design, pedagogical technologies, research work.

ӘӨЖ 378

## БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖОБАЛАУ БІЛІКТІЛІГІН ДАМУЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Артықбаева Л.Б.**, магистрант  
Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ  
Алматы, Қазақстан, e-mail: artykraeva@mail.ru

**Андатпа.** Болашақ мұғалімнің педагогикалық жобалау біліктілігін дамыту шығармашылықпен жұмыс істеуге, өзін-өзі ұйымдастыруға қабілетті белсенді тұлға қалыптастыруға әлеуметтік тапсырыстың артуымен байланысты өзекті бола түсуде. Бл өз кезегінде студенттерде жобалау әдіснамасы жөнінде тереңдетілген түсініктің болуын және оны қамтамасыз ететін педагогикалық жобалау арнайы білігінің қалыптастыруды талап етеді.

Мақала авторы педагогикалық жобалау мәселесіне қатысты теориялық көзқарастарға талдау жасап, оның мәнін ашуға талпыныс жасаған және болашақ маманның педагогикалық жобалау процесінің логикасын жете түсінуін; олармен жобалау іс-әрекетін үздіксіз ұйымдастыруды маңызды педагогикалық шарттар ретінде қарастырған.

**Тірек сөздер:** жоба, жобалау, кәсіби біліктілік, педагогикалық жобалау, педагогикалық технологиялар, ғылыми-зерттеушілік жұмыс.

Заманауи ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде педагогикалық жобалау интеллектуалды әрекеттің, құндылықты қайта ойластыруға және шындықты түрлендіруге байланысты зияткерлік іс-әрекеттің бір түрі ретінде қарастырылады. Оқушының тұлға болып қалыптасу қажеттілігіне саналы әрекет ретінде және оның жауапты шешімдер қабылдай алатын, нақты шындыққа жақын ерекше адамның көзқарасын білдіруі; болашақтың шынайы бейнесін жасай алатын тұлға ретінде қарастырылады.

Жобалау ерекшелігі - жарқын шығармашылық және шығармашылық бағыт - жаңа объектілердің, жүйелердің кескіндерін жасау. Жобалау өнерге жақын, өйткені ол әрқашан даралықты талап етеді және ол тапқырлық, шығармашылық шабытсыз, өзіндік ерекшелігі болмай мүмкін емес. Кескінге ие бола отырып, жобалаушы оны орналасқан жермен байланыстырады, осы кескінге жетудің жолдарын анықтайды, соңғы мақсатқа жету үшін қажетті ресурстарды іздейді. Жоба бойынша жұмыс кезінде және оны аяқтағаннан кейін жобалаушы нәтижелерді жоспарымен салыстырады және қажет болған жағдайда түзетулер енгізеді. Көрсетілген әрекеттер тізбегі – жобалаудың жалпы алгоритмі.

Көптеген ғалымдардың еңбектерінде тұжырымдалған «болжау», «жоспарлау», «бағдарламалау» ұғымдарын қарастыра отырып, біз



бұл жобалаудың әртүрлі құрылымдық және функционалды түрлері туралы қорытындыға келдік. Олардың мәні біреу - бұл өзгертілетін объектінің прототипін қалыптастыру процесі. «Болжау» әрдайым практикалық мақсатты көздемейді, ол рухани саламен байланысты; болжамға байланысты нақты әрекеттер болмауы мүмкін. Зерттеушілер «жоспарлауды» қызметтің белгілі бір кезеңінде әдістер мен құралдарды қолдану реті туралы ойланумен байланыстырады, ал «бағдарламалау» құрылымды таңдауды және жоспарлар мен жобаларды іске асыру үшін бағдарламалар құруды қамтиды.

Педагогикалық жобалаудың мәнін анықтау, оның құрылымын зерттеу үшін «жоба» ұғымына қатысты теориялық көзқарастарды қарастырамыз.

Кең мағынада жоба деп ойға алған немесе жоспарланған істі айтады. Латын тілінен аударғанда «жоба» «алға лақтырылған» дегенді білдіреді, яғни объектінің прототипі түріндегі жоба. Жалпы және қысқаша анықтамада жоба іс-әрекеттің негізін құрайтын модель болып табылады, яғни бастайды және оны реттейді.

«Жоба - бұл қазіргі фактілерден болашақтың мүмкіндіктеріне дейінгі шабыт» деген зерттеушілер пікірімен толық келісуге болады [1]. Яғни, жоба болашақ туралы идея, бірақ қазіргі мен өткенді ескере отырып. Сонымен қатар, жоба қажеттілікті, іс-қимыл жоспарын және ойын мүмкіндіктерін орындаудың тәсілі болып табылады.

Педагогикалық саладағы жоба әрдайым оны жүзеге асыру барысында талданып, түзетіліп отыратын процесс, ол әр түрлі педагогикалық және әлеуметтік мәселелерді шешудің үнемі ізденісі болып табылады [2]. Осыған байланысты. С.Заир-Бек және басқа зерттеушілер жоба өте күрделі өзгерістер жүйесі деп санайды; оның жоспары адамның іс-әрекетінің субъективті факторларына байланысты - авторлардың білімнің мақсаттары мен міндеттерін түсінуінің өзіндік ерекшелігіне, олардың жетістіктері, қажеттіліктері, себептері, тұлғаның әр түрлі көріністеріндегі адамдардың қарым-қатынасын жасаудағы мұғалімнің ұстанымы [3].

Жоба - бұл белгілі бір ғылыми мәселені шешу үшін біріктірілген және белгілі бір педагогикалық жүйені қайта құруға бағытталған әр түрлі ғылыми пәндердегі білімді қамтитын жан-жақты тұжырымдама. Жобаның өзін бұрыннан ерекшеленетін және нақты мәселелерді шешуге өте ыңғайлы жүйе немесе оның бөлігі ретінде қарастыруға болады. Жобаны функциялары, құрылымы және процесс тұрғысынан талдауға болады

Жоба, ғылыми зерттеулерден айырмашылығы, жүйелі және ықшамды сипаттаманы қажет етеді, оны әрі қарай егжей-тегжейлі

түсіндірместен түсінуге болады, құжат ретінде жобаның мақсаты оның мәнін қолдануға ыңғайлы түрде ұсыну болып табылады. «Жоба идеялар немесе ұғымдар ғана емес, сонымен қатар нақты іс-әрекеттер, сондықтан жоба педагогикалық жүйенің құрылымдық және процедуралық сипаттамаларында, олардың қайта құрылу процесінде өзара байланыстар жүйесін сипаттайды» [4].

Педагогикалық жүйеде қатынастар бұрыннан бар болғандықтан, жоба бар қатынастарды сипаттауды, белгілі бір мәселені шешуге қажет жаңа қатынастардың сипаттамасын және қалаған мақсатқа жету үшін қабылдануы қажет қатынастар мен әрекеттерді сипаттайды. Бұл әр түрлі сипаттағы зерттеудің нәтижесінде жасалған жобаны зерттеудің кешенді мәдениеті.

Болашақ мұғалімнің жобалау дағдыларын қалыптастыру процесінде студенттерге педагогикалық жобалау логикасын түсінуге бағытталған педагогикалық жағдайлар жасау қажеттілігі расталды: - студенттерді жобалық іс-әрекетте өзін-өзі ашуға, трансформация идеяларына деген ынтаны, белсенділік жобасында өзін-өзі көрсетуге, өзін-өзі жүзеге асыруға ықпал ететін шығармашылық атмосфераны қамтамасыз ету; - болашақ мұғалімдердің бастамаларын жандандыру, түпнұсқа идеяларды, жобаларды құру мен іске асыруда шығармашылықты алға жылжыту; - басқа мұғалімдердің ұқсас нысандарды жобалаудағы тәжірибесін пайдаланады.

Осы орайда біз болашақ мұғалімнің педагогикалық жобалау дағдыларын дамыту бойынша арнайы курсының бағдарламасы іске қосу, оқушылардың жеке ерекшеліктерін, іс-әрекет әдістерін, оны жүзеге асырудың технологияларын, шешімдер қабылдауда өзара әрекеттесу жолдарын анықтау үшін алған білім деңгейлерін ескеретін оқу жағдайлары жүйесін қолдану қажеттігін еске саламыз. Бұл жағдайда педагогикалық ситуациялар, түрлі деректемелерге салыстырмалы көзқарас, аналитикалық және бағалау дағдыларын дамыту бойынша тапсырмалардың орны ерекше.

Мұғалім жаңа әдіснамалық тілді игеріп және жаңа теориялық білімдерін тәжірибеге енгізіп қана қоймай, сонымен қатар өзінің кәсіби қызметін көптеген жолдармен қайта құруы керек. Сондықтан: «Мұғалімді тек өзінің кәсібилігін сақтап қана қоймай, өзін-өзі одан әрі дамытуға қалай ынталандыруға болады?» деген сұрақ өзекті болып табылады.

Білім беру саласында болып жатқан процестер білім беру практикасына жобалық іс-әрекеттің кеңінен енуіне әкелді. Өзгермелі жағдайдағы қызметті құру және ұйымдастырудың тәсілі ретінде жобалауға жүгіну әртүрлі деңгейдегі білім беру жүйесіне тән болды.

Алайда, қазіргі жағдайды талдау бүгінгі таңда әр мұғалім педагогикалық жобалау құралдарына ие болуы керек деп сендіреді. Оқу процесінің әртүрлі аспектілеріне қатысты динамикалық және кейде өте маңызды өзгерістерге байланысты мұғалімдер жаңадан пайда болатын кәсіби міндеттерді шешуге арналған дайын, жақсы дайындалған материалдар болмаған кездер жиі кездеседі. Мұндай жағдайда, сізге белгісіздік жағдайында тиімді әрекет етуге мүмкіндік беретін жобалық құзіреттілік мұғалімнің кәсіби шеберлігінің негізгі компоненттерінің бірінің сипатын қабылдайды.

Кез-келген жоба сияқты, педагогикалық жоба да жоба әрекетінің жалпы сипаттамаларына сәйкес келуі керек [5]. Мұндай белгілерге ең алдымен мыналарды жатқызуға болады: практикалық іс-әрекет барысында туындайтын нақты мәселенің шешімін әзірлеу және жүзеге асыру. Жоба әрқашан нақты және нақты тапсырманы практикалық шешуге бағытталған.

Мұғалімнің жобалық іс-әрекетін құрудағы маңызды сәт - жобаның мақсаттарын, міндеттерін, болжамдары мен жоспарланған нәтижелерін анықтау.

Кәсіби өзін-өзі дамыту, кез-келген басқа іс-әрекет сияқты, себептердің жеткілікті күрделі жүйесіне негізделген. Әдетте мұғалімнің өзін-өзі тәрбиелеудің қозғаушы күші мен қайнар көзі өзін-өзі жетілдіру қажеттілігі деп аталады.

Өзін-өзі дамыту процестерін дамыту үшін өзін-өзі бағалаудың қалыптасу деңгейі үлкен мәнге ие. Егер өзін-өзі дамыту мақсатты әрекет ретінде қарастырылса, онда өзін-өзі талдау оның міндетті құрамдас бөлігі болуы керек. Педагогикалық іс-әрекет танымдық психикалық процестердің дамуына ерекше талаптар қояды: ойлау, қиял, есте сақтау. Көптеген психологтар мен мұғалімдер мұғалімнің жеке тұлғалық қасиеттерінің бірқатарында назар, кәсіби есте сақтау қабілеттерін адамдарға, есімдерге, психикалық жай-күйге, педагогикалық қиялға, байқауға бөлу қабілетін атайтындығы кездейсоқ емес.

Кәсіби өзін-өзі дамытудың ажырамас бөлігі - бұл өзіндік тәрбие жұмысы.

Жобаның мақсаты - жобаның нәтижесінде қол жеткізгіміз келетін маңызды нәтиже.

Жобаның мақсаттары - бұл жобаның мақсатына жету үшін жасалуы керек әрекеттер жиынтығы. Тәрбиешілердің ерекше қиындығы жобаның гипотезасын тұжырымдау болып табылады.

Гипотеза - бұл белгілі құбылыстар, фактілер, өзгерістер арасындағы болжамды байланыстың бар екендігін көрсететін және тәжірибелік

растауды қажет ететін тұжырым.

Жобаның жоспарланған нәтижелеріне қойылатын міндетті талап - бұл белгілі бір кезеңдегі және жоба қызметінің шарттары.

Жобаның маңызды бөлігі - ұсынылған әдіс пен құралдың нақты және ықшам сипаттамасы. Жобаның осы бөлігін дайындау кезінде үлкен көлемді теориялық сипаттаманы теріс пайдаланбау керек: жоба негізінен ғылыми зерттеулер емес, практикаға бағытталған жұмыс болып табылады. Сонымен бірге, жобаның бұл бөлігі бөтен адамдарға жоба шеңберіндегі амалдар мен іске асырудың жобалаушыға жоспарланған нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік беретіндігі туралы толық және көрнекі көрсетуді ұсынуы керек.

#### ӘДЕБИЕТ

1.Взятыхшев В.Ф. Методология проектирования в инновационном образовании //Инновационное образование и инженерное творчество: Сб. - М.: Ассоциация НГТ «Эвристика», 1995.

2.Александрова Е.С. Педагогическое проектирование как средство целостного согласования в взаимодействии субъектов образовательного процесса: Автореф. дис... канд.пед.наук. - СПб., 2000.

3.Заир-Бек Е. С. Основы педагогического проектирования. - СПб., 1995, - 234 с.

4.Безрукова В. С. Педагогика. Проективная педагогика. — Екатеринбург: Деловая книга, 1996. — 344 с.

5.Колесникова И.А., Горчакова-Сибирская М.П. Педагогическое проектирование. - М.,2007.

#### К ПРОБЛЕМЕ РАЗВИТИЯ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО ПРОЕКТИРОВАНИЯ КОМПЕТЕНЦИИ У БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ

**Артыкбаева Л.Б.**, магистрант

КазУМОиМЯ имени Абылай хана

Алматы, Казахстан, e-mail: artykraeva@mail.ru

**Аннотация.** Развитие умений педагогического проектирования у будущего учителя призвано снять противоречия между социальным заказом на формирование активной личности, способной к творчеству, самоорганизации и сложившимися формами, способами подготовки будущего педагога.

По мнению автора развитие умений педагогического проектирования у будущего учителя в педагогическом процессе будет успешным, если обеспечивается комплекс педагогических условий: осознание студентами логики процесса педагогического проектирования; организация непрерывной проектировочной деятельности студентов; включение будущего учителя в рефлексию проектировочных действий.

**Ключевые слова:** проект, проектирование, профессиональная компетенция, педагогическое проектирование, педагогические технологии, научно-исследовательская работа.

*Статья поступила 15.10.2019*

УДК 378.147

## ROLE OF "DEBATE" TECHNOLOGY IN THE DEVELOPMENT OF INTELLECTUAL CIRCUIT OF STUDENTS

**Sarkanbaeva G. K.** master, senior lecturer  
KazUIR&WL named after Abylai Khan,  
Almaty, Kazakhstan, e-mail: gulzhaz72@mail.ru

**Abstract.** The article discusses modern teaching technologies, as a combination of methods and means of processing, presenting, changing and presenting educational information. This is the science of how the teacher affects students in the learning process using the necessary technical or information tools. In teaching technology - the content, methods and means of training are interconnected and interdependent. One of the modern educational technologies in training is the «Debate» technology.

**Key words:** modern educational technology, intellectual game, debate, debate opportunities, learning process, teaching methods and tools.

## ДЕБАТ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ СТУДЕНТТЕРДІҢ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ОЙ-ӨРІСІН ДАМЫТУДАҒЫ РОЛІ

**Сарқанбаева Г.К.** магистр, аға оқытушы  
Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ,  
Алматы, Қазақстан, e-mail: gulzhaz72@mail.ru

**Аңдатпа.** Мақалада оқу материалдарын өңдеу, ұсыну, өзгерту және қолдану әдістері мен құралдарының жиынтығы ретінде оқытудың заманауи технологиялары қарастырылады. Бұл қажетті техникалық немесе ақпараттық құралдарды пайдалана отырып, оқытушының оқушыларға әсер ету тәсілдері туралы ғылым. Оқыту технологиясында-оқытудың мазмұны, әдістері мен құралдары өзара байланысты және өзара шарттасуда. Қазіргі заманғы білім беру технологиясының бірі «дебат» технологиясы болып табылады.

**Тірек сөздер:** қазіргі білім беру технологиялары, зияткерлік ойын, дебаттар, дебаттар мүмкіндіктері, оқыту үрдісі, оқыту әдістері мен құралдары.

Дебат технологиясын оқу үдерісінде қолдану студенттердің оқу үлгерімін жоғарылатады, тұлғалық қасиеттердің жағымды өзгерістерін туындатады және тәртібіне әсер етеді. Сабақ барысында тыңдаушының жауабы жан-жақтылығымен, терең талданумен ерекшеленеді. Үй тапсырмасын орындауда шығармашылық тәсіл айқын байқалады. Нәтижесінде осының бәрі тыңдаушының тақырыпты терең түсінгендігінің айғағы деуге болады. Көпшілік алдында сөйлегенде студенттер өздерін сенімді сезінеді, жетекшілік қабілеттерін ашуға талпынады. Дебат технологиясының тағы бір ерекшелігі, ол студенттің өзіндік жұмысына деген ынтасын арттырады, қарым-қатынасқа қажетті іскерліктерді

дамытады, сыни ойлауын қалыптастырады.

Жоғары оқу орнының оқытушылары заманауи технологияны қолдану барысында студенттер тобының ерекшеліктерін, сыныптағы жалпы көңіл-күй мен психологиялық климатты ескергені жөн. Заманауи технологиялардың ішінде, дебат технологиясын біз көбінесе студенттердің өздік жұмыстарын жүргізу барысында қолданамыз.

Дебат өзінің қатысушыларына қоғам өміріне араласуда, жетекші ретінде сөйлеуде, өзінің білімін кеңейтуде, қабілеттерін дамытуда, өзіне жауапкершілік алуда, заманауи мәселелерді зерттеп, талдауда, негізгі білімді меңгеріп, жоғары жетістіктерге жетуде, сыни көзқарастарды қабылдауға, өзіне деген сенімділігін арттыруда көмектеседі [1].

Оқу материалдарын өңдеу, ұсыну, өзгерту әдістері мен құралдарының жиынтығы оқыту технологиясы аясында жүзеге асады. Бұл мұғалімнің қажетті техникалық немесе ақпараттық құралдарды қолдана отырып, оқу процесінде студенттерге қалай әсер ететіндігі туралы ғылым. Оқыту технологиясын пайдалану барысында оқытудың мазмұны, әдістері мен құралдары өзара тығыз байланысты болып келеді. Мұғалімнің педагогикалық шеберлігі бағдарлама мен оқу міндеттеріне сәйкес, сабақтың мазмұнына байланысты оқытудың ең жақсы әдістері мен құралдарын таңдаудан көрініс алады. Оқыту технологиясы - бұл жүйелік категория, оның құрамдас бөліктері (оқу мақсаттары; оқу мазмұны; педагогикалық өзара іс-әрекет құралдары; оқу процесін ұйымдастыру; студент, оқытушы; алынған нәтиже) бір-бірімен байланысты болып келеді.

Кез-келген заманауи педагогикалық технология өткен тәжірибенің дәстүрлі элементтерінің жиынтығы әрі әлеуметтік прогресстен, қоғамды ізгілендіру мен демократияландырудан туындайтын нәрсе..

Жаңа педагогикалық дебат технологиясы мынадай қағидаларға сүйенеді: жалпылық, ортақтық, оқу үдерісінің демократиялылығы, білім алуға деген тұлғалық бағыттылық, білім алушылардың өзін-өзі қалыптастыруына деген бағыт-бағдар, білім ала білу. Бұл технология нағыз педагогикалық технология, себебі мұнда білім алушының қабілеттері дамиды, іскерліктері мен тұлғалық қасиеттері қалыптасады, ал оқытушы бұл үдерісте жетекшілік рөл атқарады. Төменде біз дебат ойынының өту барысының үлгісін ұсынамыз.

Дебаттың мақсаты. Студенттерді сөйлеу мәнеріне, сұрақ қоя білуге, пікірталастыра білуге, мәселелерді нақты түсіне білуге, оны әртүрлі көзқараста талдай білуге үйрету.

Дебаттың міндеттері: Әлеуметтік белсенді тұлғаны даярлау; студенттердің сыни ой-өрісін дамыту және қалыптастыру; өздігімен дербес білім алуды дамыту.

Дебаттың өзіндік ерекшеліктері: Тұлғаның белгілі бір қасиеттерін дамыту: коммуникативтік құзырлылық, сыни ойлау, рефлексия, шығармашылық, оқу-тәрбие үдерісін жетілдіруге бағытталған дискуссиялық мәдениет және т.б.

Дебат түрлері: Линкольн мен Дугластың дебаты; Карл Поппер дебаты, Саяси дебаттар; Саяси емес дебаттар; Парламенттік дебаттар.

Дебат нәтижесінде қалыптасатын біліктіліктер:

1. Диалогтық қатынас іскерлігі мен дағдылары дамиды;
2. Көпшілік алдында сөз сөйлеу білігі жетіледі;
3. Маңызды мәселелерді талдау біліктілігі артады;
4. Ақпараттық мәтінді талдайды және қорытындылайды;
5. Әріптестік өзара әрекетті дамыту іскерлігі қалыптасады.
6. Сыни ойлау және шығармашылық қабілеттері дамиды.

Дебат құрылымы:

1. Тақырып таңдалады (Тақырыптар маңызды мәселелерді қарастыруы тиіс; өзекті болуы шарт; дебатқа шығаруға қолайлы болуы керек. Тақырыптың түрлері саяси тақырыптар, дәлелді тақырыптар, құнды тақырыптар болып келеді).

2. Студенттер топқа бөлінеді: жақтаушы, даттаушы топтар (әр топта 3 спикерден болады).

3. Жүргізуші, әділ қазылар, таймкипер тағайындалады.

4. Тақырыпқа байланысты әр топ өз кейсін дайындайды, кейте топ көзқарасын растайтын дәлелдер, деректер, дәйексөздер, статистикалық көрсеткіштер болуы шарт.

5. Дебат ойынына қатысушылар: жетекші, таймкипер, жақтаушы топ спикерлері, даттаушы топ спикерлері, әділ қазылар және көрермендер.

Дебат барысы:

1. Дебат - бұл парасатты ойын, онда екі топ (жақтайтын, даттайтын) берілген тақырыпты талқылай отырып, берілген тезиске байланысты өздерінің ұсыныстарын, кері ұсыныстарын дәлелдеп, әділ қазылар алқасының алдында түсіндіріп, ортаға салады.

2. Өздерінің ұсыныстарымен бірге дебатқа қатысушылар әділ қазыларға топтың кейсін құрайтын, олардың көзқарасын растайтын дәлелдер, деректер, дәйексөздер, статистикалық көрсеткіштер ұсынады.

3. Дебатқа қатысушылар қарама-қарсы топқа сұрақтар қойып, спикерлердің сұрақтарына жауап береді; сұрақтар спикерлердің ұстанымдарын түсіну үшін және де қарсыласының қатесін табу үшін қолданылады.

4. Екі топ тыңдалып болғаннан кейін әділ қазылар дебаттағы топтардың ішінен өз ұстанымдарын дәлелдеп, нақты дәлелдер көрсете білген мықты топты анықтау үшін салыстырмалы талдау жасап, хаттама

толтырады. Ойында әр топтан үш-үштен спикер (ойыншы) қатысады, алайда дебаттың түріне байланысты қатысушылардың сандары көбеюі де мүмкін.

5. Талқыланатын әр сұрақтың алдында уақыт өлшемі (регламент) белгіленеді. Сонымен бірге уақытты есептеп тұратын таймкипер де сайланады.

Әр топқа ойын барысында сөз алар алдында дайындыққа 8 минут беріледі. Таймкипер топ спикерлерін уақыт аяқталардан 1-2 минут бұрын хабардар етіп отырады [2].

Дебат ойынының жүргізілу тәртібі:

Ж1 - жақтаушы топты таныстырады; бекітетін тақырыпты ұсынады, оның өзектілігін негіздейді; тақырыпқа енетін негізгі түсініктерге анықтама береді; жақтаушы топтың көзқарасын ұсынады; қарастырылып отырған тақырыпқа деген пікірлерді негіздейді; ойын барысындағы дәлелденетін деректерді ұсынады; алдыға қойған деректерді дәлелдеуге көшеді; жақтаушы топтың нақты тұжырымымен аяқтайды; келіспеуші топтың екінші спикеріне (К2) сұрақ қояды.

Д1- даттаушы топты таныстырады; жақтаушы топ ұсынған тақырыпты жоққа шығарады; жақтаушы топ ұсынған анықтамаларға келіседі; келіспеуші топтың көзқарасын ұсатанады; жақтаушы топтың ұсыныстарымен келіседі немесе оған қарсы басқа ұсыныстар айтады; келіспеуші топтың кейсін ұсынады (даттаушы стратегия, даттаушы топтың дәлелдері т.б.); Ж1 ұсынған мәселелерді жоққа шығарады; даттаушы топтың нақты тұжырымымен аяқтайды; жақтаушы топтың екінші спикеріне (Д2) сұрақ қояды.

Ж2-жақтаушы топтың көзқарастарын болжамдар, мысалдар, дәлелдер арқылы қайтадан өрбітеді; алғашқы құрылымды негізге ала отырып, жақтаушы кейсті қайтадан қалпына келтіреді; жаңа дәлелдер келтіреді; алдыңғы дәлелдердің маңызды өлшемдерін талқылайды; жақтаушы көзқарас пен бекітуші кейсті егжей-тегжейлі өрбітеді; келіспеуші кейсті жоққа шығарады; жақтаушы топтың нақты тұжырымымен аяқтайды; келіспеуші топтың бірінші спикерінің (К1) сұрағына жауап береді.

Д2- келіспеуші көзқарасты қалпына келтіреді, болжамдар, мысалдар, дәлелдер келтіреді; келіспеуші кейсті негізге ала отырып, келіспейтін көзқарасты жан-жақты өрбітеді; жақтаушы көзқарасты жоққа шығаруын жалғастырады; жаңа дәлелдер келтіреді; жаңа көзқарастар келтірмейді; келіспеуші топтың нақты тұжырымымен аяқтайды; жақтаушы топтың бірінші спикерінің (Ж1) сұрағына жауап береді.

Ж3 - дебаттың түйіні болған мәселеге тағы да баса назар аударады (әділ қазыларға ең маңызды мәселелерді нақтылап кетеді); жақтаушы кейстің құрылымын негізге алады; Ж1 ұсынған өлшемдерге тоқталып,



топта ол көзқарасты қалай бекітетіндерін түсіндіреді; даттаушы кейстегі осал жерлерге тоқталып өтеді; жақтаушы көзқарастар мен даттаушы көзқарастарды салыстырып, жақтаушы көзқарастың неліктен сенімді екендігін түсіндіреді; жаңа көзқарастар келтірмейді; сөзін аяқтайды (өзгелерге қарағанда бұл жерде дәлелдердің көп қажеті жоқ); Д1-ге сұрақтар қояды.

Д3 - түйінді мәселеге тағы да тоқталып өтеді (әділ қазыларға ең маңызды мәселелерді атап кетеді); даттаушы кейс құрылымын негізге алады; Д1 ұсынған өлшемдерге тоқталады, жоққа шығаратын көзқарастарды өздерінің қалай құптайтындарын түсіндіреді; жақтаушы кейстің осал жақтарын атап өтеді; жақтаушы көзқарастар мен даттаушы көзқарастарды салыстырып, даттаушы көзқарастың неліктен сенімді екендігін түсіндіреді; сөзін аяқтайды (өзгелерге қарағанда бұл жерде дәлелдердің көп қажеті жоқ); Ж1-ге сұрақ қояды [3].

Студенттер дебат барысында оқу-ізденіс іс-әрекеттерін дамытады, оқу іс-әрекеті арқылы мақсатты тәрбиелеу қарым-қатынасы орнығады, білім алушылардың топтағы ерекшеліктері дамиды, тақырып бойынша өздігімен жаңалықтар, жаңа деректер іздестіру барысында оқытушы мен студент арасындағы диалогтік қарым-қатынас дамиды.

Дебат технологиясының кейбір мүмкіндіктерін сабақтың бір бөлшегі ретінде қолдану білім берудің өзектілігін, жүйелілігін негіздейді және тақырыпты бекітуде, студенттердің өзіндік жұмысын қабылдауда таптырмайтын әдіс.

Дебатты қолдану барысында студенттер өздігінен сұрақ қою, шешілетін мәселені өзге тұстарын байқау, айтылатын сөздің мақсатын анықтау; берілген жағдаят пен аудиторияға байланысты үйлесімді дәлелдемелер таба білу, баяндама құру, мәтінмен жұмыс істеудің мақсатын және ақпарат жинау мен талдауды анықтау, әртүрлі мәтіндерді оқығанда негізгі ойды анықтай алу және т.б. іскерліктерді дамытады.

Қорыта келе, сабақ барысында заманауи білім беру технологияларын қолдану студенттер мен оқытушылар үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз ете отырып, оқу процесін жобалауға, ұйымдастыруға және жүргізуге көмектеседі.

#### ӘДЕБИЕТ

1 Сарқанбаева Г.К. Дебат технологиясын оқу үдерісінде қолдану. //Қазақстан мектебі. - 2016. - №5. - 27-29 бб.

2 Методическое пособие по организации и проведению проектно-организационных игр-дебатов «Стратегия-2030: настоящее и будущее». - Астана, 2000. - 44с.

3 Ұзақбаева С.А. Этнопедагогика, Алматы, «Глобус», 2019, 319 с.

## РОЛЬ ТЕХНОЛОГИИ «ДЕБАТЫ» В РАЗВИТИИ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНОГО КРУГОЗОРА СТУДЕНТОВ

**Сарканбаева Г.К.** магистр, ст. преподаватель  
КазУМОиМЯ имени Абылай хана,  
Алматы, Қазақстан, e-mail: gulzhaz72@mail.ru

**Аннотация.** В статье рассматриваются современные технологии обучения, как совокупность методов и средств обработки, представления, изменения и предъявления учебной информации. Это наука о способах воздействия преподавателя на учеников в процессе обучения с использованием необходимых технических или информационных средств. В технологии обучения – содержание, методы и средства обучения находятся во взаимосвязи и взаимообусловленности. Одним из современных образовательных технологий в обучении является технология «Дебаты».

**Ключевые слова:** современных образовательных технологии, интеллектуальная игра, дебаты, возможности дебатов, процессе обучения, методы и средства обучения.

*Статья поступила 09.10.2019*

## PEDAGOGICAL ANALYSIS AS AN INTEGRAL PART OF TEACHERS ' READINESS FOR ANALYTICAL ACTIVITY

**Kenesova M.B.**, master student  
KazUIR&WL named after Abylai Khan  
Almaty, Kazakhstan, e-mail: kenesova\_madina@mail.ru

**Abstract.** The article reveals the essence of the concept of analytical activity. Professional-pedagogical activity includes analytical activity as an element, but the element is very important, irreplaceable and not compensated by other components. It permeates all spheres of activity of the teacher and is the basis of decision-making, planning, forecasting and correction, implementation of educational and educational processes in the teacher's own pedagogical activity. Improvement of analytical activity of the teacher is connected with formation of the corresponding system of theoretical knowledge and formation of necessary skills.

**Keywords:** activity, analytical activity, pedagogical activity, professional activity, component, mechanism.

ӘӘЖ 378.14

## ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТАЛДАУ – МҰҒАЛІМНІҢ АНАЛИТИКАЛЫҚ ІС- ӘРЕКЕТКЕ ДАЙЫНДЫҒЫНЫҢ ҚҰРАМДЫ БӨЛІГІ

**Кенесова М.Б.**, магистрант  
Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ  
Алматы, Қазақстан, e-mail: kenesova\_madina@mail.ru

**Аңдатпа.** Мақалада аналитикалық іс-әрекет ұғымының мәні ашып көрсетіледі. Кәсіби-педагогикалық іс-әрекет элемент ретінде аналитикалық іс-әрекетті

қамтиды, бірақ кәсіби-педагогикалық іс-әрекет өте маңызды, басқа іс-әрекетпен алмастырылмайды. Аналитикалық іс-әрекет мұғалім қызметінің барлық бағыттарын қамтиды және шешім қабылдауға, қызметті жоспарлауға, болжауға және түзетуге, мұғалімнің жеке педагогикалық іс-әрекетінде оқу-тәрбие процестерін жүзеге асыруға негіз болады. Мұғалімнің аналитикалық әрекетін жетілдіру тиісті теориялық білім жүйесін қалыптастырумен және қажетті іскерлікті қалыптастырумен байланысты.

**Тірек сөздер:** іс-әрекет, аналитикалық іс-әрекет, педагогикалық іс-әрекет, кәсіби іс-әрекет, компонент, механизм.

Адамның аналитикалық әрекеті адамдардың объективті материалдық әлем мен өзін-өзі тану құбылыстарын тану барысында қалыптасады.

Кәсіби-педагогикалық іс-әрекет элемент ретінде аналитикалық іс-әрекетті қамтиды, бірақ кәсіби-педагогикалық іс-әрекет өте маңызды, басқа іс-әрекетпен алмастырылмайды. Аналитикалық іс-әрекет мұғалім қызметінің барлық бағыттарын қамтиды және шешім қабылдауға, қызметті жоспарлауға, болжауға және түзетуге, мұғалімнің жеке педагогикалық іс-әрекетінде оқу-тәрбие процестерін жүзеге асыруға негіз болады.

Біз мұғалімнің педагогикалық әрекетінің құрылымын қарастырған жетекші ғалымдардың жұмысына талдау жасадық, онда аналитикалық іс-әрекет өзінің кәсіби әрекетінің сапасын объективті бағалауға, педагогикалық процесті жетілдіру және өзін-өзі жетілдіру жолдарын табуға мүмкіндік беретін педагогикалық іс-әрекеттің маңызды құрамдас бөлігі ретінде сипатталады.

В.А.Сухомлинский бүкіл педагогикалық процестің жетістігі талдау сапасына тікелей байланысты екенін атап өтті және онда «... педагогикалық және оқушылар ұжымының интеллектуалдық ой-өрісінің кеңдігі, мұғалімдердің әдістемелік шеберлігі, оқушылардың сұраныстары мен қызығушылықтарының артуы маңызды орын алады. Өз жұмысын талдай алатын педагог, мықты, тәжірибелі болып келеді» [1].

Ю.К. Бабанский талдауды педагогикалық процестің құрамдас бөліктерінің бірі деп санайды және мұғалімде болуы керек кәсіби сапалардың ішінен ол өз іс-әрекетін талдай алуды ерекше атап өтеді «...мұғалім, сондай-ақ зерттеуші ретінде өз қызметін эвристикалық іздестірудің жалпы ережелеріне сәйкес құрады: педагогикалық жағдайды талдау (диагноз), бастапқы деректермен салыстырудағы нәтижелерді жобалау (болжам), іздестірілетін нәтижеге жетуде қолда бар құралдарды талдау, оқу-әдістемелік құралдарды құрастыру және іске асыру, бағалау, жаңа міндеттерді қалыптастыру». Ол педагогикалық

2 Жетписбаева Б.А., Шайхызада Ж.Г., Таборек Я. «О состоянии профессионально-ориентированного обучения иностранному языку в Республике Казахстан: анализ иноязычной подготовки студентов технических специальностей» [URI: <http://rep.ksu.kz/handle/data/2142>]

3 Послание Президента Республики Казахстан народу Казахстана от 28 февраля 2007 г. «Новый Казахстан в новом мире» // Информационно-правовая система нормативных правовых актов Республики Казахстан: Әділет. - [ЭР]: Режим доступа: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/K>

4 Назарбаев Н.А. Социальная модернизация Казахстана: Двадцать шагов к Обществу Всеобщего Труда // Казахстанская правда. - 2012. - 10 июля. - № 218-219.

5 С.К.Нурпеисова, Ж.А. Азимбаева «Внедрение полиязычного образования: опыт, проблемы и перспективы». - Караганда, 2015. - Режим доступа: <https://articlekz.com/article/11917>

6 Т. Нурсейтова « В Казахстане в рамках Государственной программы развития образования и науки на 2016-2019 годы идет обновление содержания образования». Электронный ресурс: [Zakon.kz](http://Zakon.kz). <https://www.zakon.kz/4891234-trehyazychnoe-obuchenie>

7 Капсаргина С.А. Развитие иноязычной профессиональной коммуникативной компетенции у студентов неязыковых специальностей вузов [Электронный ресурс] <https://dogmon.org/razvitie-inoyazichnoj-professionalenoi>

8 Тужилкина Ю.А. «Особенности формирования коммуникативной компетенции школьников на уроках английского языка. Электронный ресурс: <https://nsportal.ru/shkola/materialy-k-attestatsii/library>

9 Кунанбаева С.С. «Современная теория и практика иноязычного образования», Алматы, 2010. – 350 с.

10 Свиридон Р.А. «Концепция формирования межкультурной профессионально-коммуникативной компетенции студентов неязыковых специальностей» // Фундаментальные исследования. – 2014. – № 8-4. – С. 975-980.

#### ТІЛДІК ЕМЕС МАМАНДЫҚТАР СТУДЕНТТЕРІНІҢ ШЕТ ТІЛДІК МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ КӘСІБИ-КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ МӘСЕЛЕЛЕР

Кенже А.А.<sup>1</sup>, магистрант

Ахметова Г.Ш., п.ғ.к., доцент

Абылай хан атындағы ҚазХКжәнеӘТУ, Алматы, Қазақстан,  
e-mail: [galakh70@rambler.ru](mailto:galakh70@rambler.ru)

**Аңдатпа.** Мақалада тілдік емес мамандықтар мамандарының шет тілдік коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру мәселелері қарастырылған және тілдік емес ЖОО студенттерінің шет тілдік коммуникативтік құзыреттілігін дамыту процесіне сипаттама берілген. Бұл құзыреттілік тілдік емес жоғары оқу орындарының болашақ түлектерінің халықаралық деңгейде кәсіби және ғылыми байланыстарын жүзеге



асырудың маңызды шарты ретінде сипатталған. Шет тілдерін оқыту шетел тілін қарым-қатынас құралы ретінде меңгеруге ғана емес, сонымен қатар басқа шетел өрісінің құндылықтық бағдарлары мен мінез-құлықтық қасиеттерін меңгеруге де көмектеседі. Сондай-ақ, коммуникативтік тәсілдің мәні ашылған, «құзыреттілік» және «шет тілдік коммуникативтік құзыреттілік» ұғымдарының анықтамалары және тілдік емес мамандықтар студенттерінің мәдениетаралық кәсіби-коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру қажеттілігі сипатталған.

**Тірек сөздер:** құзірет, құзіреттілік, шет тілдік кәсіби коммуникативтік құзыреттілік, шет тілдік мәдениетаралық кәсіби-коммуникативтік құзыреттілік, тілдік емес мамандықтар.

*Статья поступила 06.10.2019*

### USE OF CASE-STUDY METHOD FOR FORMING INTERCULTURAL AND PROFESSIONAL COMPETENCIES IN STUDYING CHEMICAL DISCIPLINES IN ENGLISH

**Zhumanova N.A.<sup>1</sup>, Yerezhepova A. Sh.<sup>2</sup>, Beknazarova A.B.<sup>3</sup>**

<sup>1</sup> c. ch.s., master student KazUIR&WL named after Abylai Khan

<sup>2</sup> teacher, KazNatWTU

<sup>3</sup> master student KazUIRandWL, Almaty, Kazakhstan

e-mail: n.zhumanova71@gmail.com

**Abstract.** This article discusses the case method, which is an active learning technique that uses specific learning situations to form intercultural and professional competencies among chemical students. During the analysis of situations, students learn to act in a “team”, conduct analysis and make management decisions. Students have a real opportunity to communicate in English in the process of interaction with other members of the group and the teacher

**Keywords:** case-method, situation, competency-based approach, command

The effective assimilation of a significant amount of professional knowledge along with the improvement of the English language requires the improvement of the educational process by creating educational conditions with minimal time and complexity of learning information. In the context of the implementation of the state program of “trilingual education” of a new generation, the problem of forming competencies comes first. Recently, many scientists have recognized the effectiveness of using the case-study method to solve this problem.

The case-study method is a method of analysis of specific situations, which allows you to immerse the student in a real situation and thereby more effectively contribute to the formation of the necessary competencies [1]. The student is offered to comprehend a real situation, the description or illustration

of which at the same time reflects not only any practical problem, but also actualizes a certain set of knowledge and skills that must be learned when solving this problem. Students should analyze the situation, understand the essence of the problem, state their own vision and suggest possible solutions, choose the best of them. Moreover, the problem itself can have many solutions [2]

The case method can be successfully used in chemistry lessons in English, since this method contains all types of speech activity: reading, speaking, writing and listening. Students have a real opportunity to communicate in English in the process of interaction with other members of the group and the teacher

### **Case study on the course “Organic chemistry of aliphatic compounds” for the 3<sup>rd</sup> year students**

#### **Case-1**

**The theme** Paraffin hydrocarbons

**The tittle** Alkanes

**The aim:** Study of nomenclature and chemical properties, production of alkanes

**Situation:** Alkanes are organic compounds that consist entirely of single-bonded carbon and hydrogen atoms and lack any other functional groups. Alkanes have the general formula  $C_nH_{2n+2}$  and can be subdivided into the following three groups: the linear straight-chain alkanes, branched alkanes, and cycloalkanes. Alkanes are also saturated hydrocarbons. Alkanes are the simplest and least reactive hydrocarbon species containing only carbons and hydrogens. They are commercially very important, being the principal constituent of gasoline and lubricating oils and are extensively employed in organic chemistry; though the role of pure alkanes (such as hexanes) is delegated mostly to solvents. The distinguishing feature of an alkane, making it distinct from other compounds that also exclusively contain carbon and hydrogen, is its lack of unsaturation. That is to say, it contains no double or triple bonds, which are highly reactive in organic chemistry. Though not totally devoid of reactivity, their lack of reactivity under most laboratory conditions makes them a relatively uninteresting, though very important component of organic chemistry. As you will learn about later, the energy confined within the carbon-carbon bond and the carbon-hydrogen bond is quite high and their rapid oxidation produces a large amount of heat, typically in the form of fire.

**Problem:** Nomenclature of Alkanes. Properties of Alkanes. Synthesis of Alkanes. Reactivity of Alkanes

**Question:** What Principles of Naming alkanes are used? What are the main chemical properties of alkanes? What are the ways of producing of alkanes

Week	Stage	Formed Competences	Tasks	Final product
1	Понятийно-когнитивный	Фактуально-обобщающая	<ul style="list-style-type: none"> <li>✓ Collect information about alkanes</li> <li>✓ Define the notion of "IUPAC nomenclature", chemical properties and synthesis of alkanes</li> </ul>	Collection of data about alkanes, "IUPAC nomenclature", chemical properties and synthesis of alkanes
2	Информационно-аккумулятивный	Классификационно-интерпретирующая	<ul style="list-style-type: none"> <li>✓ Make a list of <i>the ways of production of alkanes</i>.</li> <li>✓ Compare chemical properties according the next reactions: <i>Combustion reactions;</i> <i>Controlled Oxidation;</i> <i>Cracking/ Pyrolysis;</i> <i>Substitution Reactions</i></li> </ul>	Report with examples of chemical properties of alkanes
3	Прагматико-репрезентативный		<ul style="list-style-type: none"> <li>✓ Demonstrate technological scheme of synthesis with conditions (temperature, pressure) of alkanes</li> </ul>	Report with examples of synthesis with conditions of alkanes
4	Аналитико-оценочный	Аналитико-прогнозирующая	<ul style="list-style-type: none"> <li>✓ Compare of mechanism of <i>Combustion reactions; Controlled Oxidation; Cracking/ Pyrolysis; Substitution Reactions</i>.</li> <li>✓ <i>What is the difference between these reactions</i></li> </ul>	Report, table or chart with compare and contrast
5	Аналитико-оценочный		<ul style="list-style-type: none"> <li>✓ What products are taken by these reactions</li> </ul>	Find the name of products
6	Полемико-аргументационный	Полемико-аргументирующая	<ul style="list-style-type: none"> <li>✓ Make a diagram, scheme, table showing your study</li> <li>✓ Make a conclusion</li> </ul>	Diagram, scheme, table
7	Midterm 2 assessment		Presentation of the case study results	PPT presentation

**Case-2**

**The theme** Paraffin hydrocarbons

**The title** Alkanes

**The aim:** Study of properties of alkanes

**Situation:** This gas is colorless and without smell. Burns with the formation of water and carbon dioxide. This substance is widely used in everyday life as a fuel.

**Problem:** All of alkanes burn.

**Question:** What of alkanes is this?

Week	Stage	Formed Competences	Tasks	Final product
1	Понятийно-когнитивный	Фактуально-обобщающая	<ul style="list-style-type: none"> <li>✓ Collect information about alkanes</li> <li>✓ Define the notion of natural gas</li> </ul>	Collection of data
2	Информационно-аккумулятивный	Классификационно-интерпретирующая	<ul style="list-style-type: none"> <li>✓ Make a list of <i>homologs of methane</i></li> <li>✓ Compare their properties</li> </ul>	Report
3	Прагматико-репрезентирующий		<ul style="list-style-type: none"> <li>✓ Demonstrate the compounds of natural gas</li> </ul>	Report
4	Аналитико-оценочный	Аналитико-прогнозирующая	<ul style="list-style-type: none"> <li>✓ Compare natural gas with liquefied petroleum gas</li> </ul>	Report, table or chart with compare and contrast
5	Аналитико-оценочный		<ul style="list-style-type: none"> <li>✓ What gas is used in our life everyday</li> </ul>	Find the name of gas
6	Полемико-аргументационный	Полемико-аргументирующая	<ul style="list-style-type: none"> <li>✓ Make a diagram, scheme, table showing your study</li> <li>✓ Make a conclusion</li> </ul>	Diagram, scheme, table
7	Midterm 2 assessment		Presentation of the case study results	PPT presentation

**Case -3** Paraffin hydrocarbons

**The theme** Paraffins

**The tittle** Alkanes

**The aim:** Study of properties of alkanes

**Situation:** liquefied petroleum gas was delivered to the apartments in balloons. A day later, all the residents were in the hospital

**Problem:** Gas is without smell and colorless

**Question:** What compounds should have been added in balloons to give the smell of home gas.

Week	Stage	Formed Competences	Tasks	Final product
1	Понятийно-когнитивный	Фактуально-обобщающая	<ul style="list-style-type: none"> <li>✓ Collect information about alkanes</li> <li>✓ Define the notion of liquefied petroleum gas</li> </ul>	Collection of data
2	Информационно-аккумулятивный	Классификационно-интерпретирующая	<ul style="list-style-type: none"> <li>✓ Make a list of <i>homologs of methane</i></li> <li>✓ Compare their properties</li> </ul>	Report
3	Прагматико-репрезентативный		<ul style="list-style-type: none"> <li>✓ Demonstrate the compounds of natural gas and liquefied petroleum gas</li> </ul>	Report
4	Аналитико-количественный	Аналитико-прогнозирующая	<ul style="list-style-type: none"> <li>✓ Compare natural gas with liquefied petroleum gas</li> </ul>	Report, table or chart with compare and contrast
5	Аналитико-оценочный		<ul style="list-style-type: none"> <li>✓ What compounds are added in gas to give smell</li> </ul>	Find the compound
6	Полемико-аргументационный	Полемико-аргументирующая	<ul style="list-style-type: none"> <li>✓ Make a diagram, scheme, table showing your study</li> <li>✓ Make a conclusion</li> </ul>	Diagram, scheme, table
7	Midterm 2 assessment		Presentation of the case study results	PPT presentation

The method of analysis of specific situations is characterized by the following features [3]:

- The presence of a specific situation.
- Development of solutions to situations.
- Public protection of the developed options for resolving situations with subsequent opposition.

- Summarizing and evaluating class results.

The following types of situations are distinguished:

- situation-problem is a description of a real problem situation. The goal of the trainees is to find a solution to the situation or come to the conclusion that it is impossible;

- situation-assessment describes the situation, a way out of which has already been found. The purpose of the trainees is to conduct a critical analysis of the decisions made, give a reasoned conclusion about the presented situation and its solution;

- situation-illustration represents the situation and explains its causes, describes the procedure for its solution. The goal of the trainees is to evaluate the situation as a whole, analyze its solutions, formulate questions, express consent and disagreement;

- the advancing situation describes the application of previously adopted decisions, in connection with which it is of a training nature, serves as an illustration to a particular topic. The purpose of the trainees is to analyze these situations, the solutions found, and use the acquired theoretical knowledge.

Students solve cases on a specific topic, comprehensively analyzing the state of natural waters, the content of impurities in various natural and technical objects. Of particular interest are tasks of a practical orientation, since students use the information they receive in everyday life.

Application of the case method helps to achieve the following goals: consolidation of theoretical knowledge; developing skills in the practical use of algorithms and introducing students to schemes for analyzing practical situations; development of skills of group analysis of problems and decision making; examination of knowledge acquired by students during a theoretical course; the acquisition of analytical, practical, social, communicative and introspection skills.

It is noted that the solution of cases causes students more interest than the solution of ordinary situational problems.

Based on the foregoing, we can conclude that the practice of using case-study in training sessions in the context of a competency-based approach helps to overcome stereotypes in training, develop new approaches to professional situations, and develop students' creative abilities.

#### REFERENCES

- 1 Verbitsky A. A., Ilyazova M. D. Invariants of professionalism: problems of formation// a monograph. - M., 2011. - S. 288
- 2 Ivanova E. V. Innovative pedagogical technologies: a modular manual for teachers of a vocational school // ed. E. V. Ivanova, L.I. Kosovoi, T. Yu. Avetova. St. – Pb., 2004. - S. 160.
- 3 Abramova S. Yu., Belozerova Yu. V. Use of the case-method at English lessons [Text] // Actual problems of modern pedagogy: materials of the VI Intern. scientific conf. (Ufa, March 2015). - Ufa: Summer, 2015 .-S. 94-96.
- 4 Mikhailova E.I. Case and case-method: general concepts // Marketing. 1999. No. 1. S. 39-44.
- 5 Prozumentova G. N. Changes in educational institutions: case study method case study// Tomsk., 2003. - S. 56.
- 6 Smolyaninova O.G. Information technology and case-study methodology in vocational training for students of a pedagogical university // Proceedings of the II All-Russian Scientific and Methodological Conference «Education of the 21st Century: Innovative Technologies in Diagnostics and Management for the Informatization and Humanization». - Krasnoyarsk, 2000.

#### ИСПОЛЬЗОВАНИЕ МЕТОДА CASE-STUDY ДЛЯ ФОРМИРОВАНИЯ МЕЖКУЛЬТУРНОЙ И ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ КОМПЕТЕНЦИЙ ПРИ ИЗУЧЕНИИ ХИМИЧЕСКИХ ДИСЦИПЛИН НА АНГЛИЙСКОМ ЯЗЫКЕ

Жуманова Н.А.<sup>1</sup>, Ережепова А.Ш.<sup>2</sup>, Бекназарова А.Б.<sup>3</sup>

<sup>1</sup>к.х.н., магистрант, КазУМОиМЯ им. Абылай хана

<sup>2</sup>преподаватель, КазНацЖПУ

<sup>3</sup>магистрант, КазУМОиМЯ им. Абылай хана

Алматы, Казахстан

e-mail: n.zhmanova71@gmail.com

**Аннотация.** В данной статье рассматривается кейс-метод, представляющий собой технику активного обучения, использующую конкретные учебные ситуации для формирования межкультурной и профессиональной компетенций у студентов-химиков. В ходе разбора ситуаций обучающиеся учатся действовать в «команде», проводить анализ и принимать управленческие решения. У учащихся появляется реальная возможность общения на английском языке в процессе взаимодействия с другими участниками группы и учителем.

**Ключевые слова:** кейс –метод, ситуация, компетентностный подход, команда

**АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ ХИМИЯЛЫҚ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУ  
БАРЫСЫНДА МӘДЕНИАРАЛЫҚ ЖӘНЕ  
КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДА  
CASE-STUDY ӘДІСІН ПАЙДАЛАНУ**

**Жұманова Н.А.<sup>1</sup>, Ережепова А.Ш.<sup>2</sup>, Бекназарова А.Б.<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>х.ғ.к., магистрант, Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӨТУ

<sup>2</sup>оқытушы, ҚазҰҚПУ

<sup>3</sup>магистрант, Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӨТУ,

Алматы, Қазақстан

e-mail: n.zhumanova71@gmail.com

**Аңдатпа:** Мақалада химик-студенттер арасында мәдениетаралық және кәсіби құзіреттіліктерін қалыптастыру үшін нақты оқу жағдайларында қолданатын белсенді оқыту әдісі болып табылатын кейс әдісі қарастырылады. Жағдайларды талдау барысында студенттер «командада» әрекет етуді, талдау жүргізуді және басқару шешімдерін қабылдауға үйренеді. Студенттерге топтың басқа мүшелерімен және мұғаліммен өзара әрекеттесу барысында ағылшын тілінде сөйлесудің нақты мүмкіндігі бар.

**Тірек сөздер:** кейс-әдіс, жағдай, құзіреттілікке негізделген тәсіл, команда

*Статья поступила 07.10.2019*



3 Бөлім  
ЭТНОПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ МЕКТЕП ПЕДАГОГИКАСЫ

Раздел 3  
ЭТНОПЕДАГОГИКА И ПЕДАГОГИКА ШКОЛЫ

Part 3  
SCHOOL OF PEDAGOGICS AND ETHNOPEDAGOGICS

---

FEATURES OF ABAY'S WORK IN AESTHETIC EDUCATION

**Uzakbayeva S.A.**, d.p.s., professor  
KazUIR&WL named after Abylai Khan  
Almaty, Kazakhstan, e-mail: sahipzhamal.a@mail.ru

**Abstract.** The article discusses the aesthetic aspects of the works (the word of edification, songs, poems) of Abay Kunanbayev, based on the analysis of their pedagogical capabilities in the aesthetic education of children and youth, describes the features of the musical life of the youth of Abay aul and the role of his musical works in the formation and development of aesthetic tastes and views of children and youth.

**Keywords:** aesthetics, aesthetic education, aesthetic taste, aesthetic view, aesthetic sense, art word, word of edification.

ӘӨЖ 37.013

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕДЕГІ  
МҮМКІНДІКТЕРІ

**Ұзақбаева С.А.**, п.ғ.д., профессор  
Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ  
Алматы, Қазақстан, e-mail: sahipzhamal.a@mail.ru

**Аңдатпа.** Мақалада Абай Құнанбаев шығармаларының (қара сөздер, әндер, өлеңдер) эстетикалық бағыты қарастырылады, талдау негізінде жүйелі түрде олардың балалар мен жастардың эстетикалық тәрбиедегі педагогикалық мүмкіндіктері ашып көрсетіледі, Абай ауылы жастарының музыкалық өмірінің өзіндік ерекшеліктері және оның музыкалық шығармаларының балалар мен жастардың эстетикалық талғамы мен көзқарасының қалыптасуы мен дамуындағы рөлі көрсетіледі.

**Тірек сөздер:** эстетика, эстетикалық тәрбие, эстетикалық талғам, эстетикалық көзқарас, эстетикалық сезім, сөз өнері, нақыл сөздер

Ұлы Абай балалар мен жеткіншектерге эстетикалық тәрбие беруде халық мұрасының тәрбиелік күшін жоғары бағалаған. Ол эстетикалық тәрбие саласында арнайы еңбек қалдырмағанымен, өзінің өлеңдері мен

қарасөздеріне халықтың мақал-мәтелдерін, нақыл сөздері мен салт-дәстүрлерін орынды пайдалану арқылы балалар мен жеткіншектердің болмысқа деген эстетикалық көзқарасының, талғамының, сезімінің қалыптасуына ықпал етті.

Абай бала жастан халықтық педагогика бұлағынан сусындап, әжесі Зере мен анасы Ұлжаннан, ауыл адамдарынан дастан, аңыз-ертегілерді, өлең-жырларды, мақал-мәтелдер мен жұмбақ-жаңылтпаштарды естіп, бойына сіңіріп, атақты әнші-күйшілердің, жыршы-термешілердің өнерін, ақындар айтысын қызықтап өсті. Абайдың осылай ауыз әдебиеті үлгілерін жақсы меңгеруі оның дүниетанымдық көзқарасының қалыптасуына, ақындық өнермен айналысуына үлкен септігін тигізгені белгілі. Сондықтан да Абайды «Жұмбақ жан» деп атап, оның шығармашылығына құнды еңбек арнаған Т. Әлімқұловтың: «Өзінің кім екенін білген Абай тоғыз жолдың торабында өнерді, оның ішінде поэзияны таңдады. Соның өзінде «Өлең шіркін өсекші жұртқа жаяр, сырымды тоқтатайын айта бермей» деп айтқан. Жіті ойласаңыз, осында қаншама мағына жатыр. Абай өзінің ішкі әлемін ашып, өлеңмен мұң шағады, өлеңмен наз төгеді, өлеңмен сыр шертеді. Поэзияның табиғатын жетік білген ақын жомарттық жасайтын жерде жомарт та, сараңдық жасайтын жерде сараң. Ол кейде төкпе, кейде бүкпе. Кейде сыршыл, кейде суретшіл. Кейде іңкәр, кейде торыққыш. Кейде әсершіл, кейде байқампаз. Кейде ойшыл, кейде ақылгөй. Осының бәрі оның байырғы болмысының, табиғи дарынының үстіне оның мұратының, мақсатының, мүддесінің кендігінен туған қасиеттер еді» — деуін нағыз әділ баға деп білуіміз керек [1]. Сөйтіп Абай «...балалық асып, бозбалалық, жігіттік шағына жеткен уақытта қазақтың ескі сөзі, ескіжол-жобасы, мәтел, тақпақ ескі биліктеріне елдің маңдай алды кісілерімен қатар түскендей білім жияды. Ескі ақындар, шешендер, батырлар... жайында әңгімелер Абайға енді таныс дүние болады... озық білімді... халықтан шыққан шешен, ділмәр ақыннан, ескі әңгімешіден, көпшіліктен алады. Ең алғашқы өлең жайын баяндаған жырында Абай Шортанбайды, Дулатты, Бұхар жырауды ауызға алса, солардың сөзін бала күннен естіп, танып жаттап өскенін сезуге болады» немесе Абай «жиырма жасында... халық ортасында маңдай басы шешен болады. Халық жайынан бұрынғы әдетті, ғұрыпты, ескі білікті билердің қиын іс туралы қылатұғын биліктерін көп білген. Өзінің зейіні артық болған соң, ескі мақалдарды, неше түрлі қазақтың білімділері мысал үшін айтқан әңгімелерді бірін ұмытпай біліп алған» — деген М. Әуезов пен Қ.Ы.Құнанбаевтың сөздері Абайдың өз халқының мұрасын толық меңгергенін дәлелдей түседі [2].

Сондай-ақ Абай халық мұрасының тәрбиелік мәнін жақсы түсініп, оны жинауға да аянбай ат салысқан. Мәселен, ол ел ішінен қолөнер

бұйымдарын жинастырып, Семей музейіне тапсырады, маңайындағы ақын-жыршыларға халық арасына кең тараған жырларды жинап, оларды хатқа түсіруді жүктейді» [4].

Халықтың ауызекі шығармашылығын Абай өзінің педагогикалық идеяларын таратуда, әсіресе, адамгершілік-эстетикалық тәрбиесін жүзеге асыруда қажетті құрал ретінде пайдаланады.

Мәселен, қарасөздерінде мақал-мәтелдерді талдау, ертегі, аңыз сюжеттеріне, салт-дәстүрлерге тоқталу, адамдардың этикасын, мәдениеттілігін сипаттау арқылы балалар мен жастарды адамгершілікке, әсемдікке баулып ақыл-кеңес береді. «...Мақалдарды халықтың өмірімен, тарихымен тығыз байланыста алып қараған, оларды қоғамдық мәні тұрғысынан бағалап, өзінің қазақ тарихына, этикасына, дініне, дүниетанымына деген көзқарасына сәйкес талдаған. Егер топтап айтар болсақ, мақал мен мәтелдерді талдау барысында Абайдың көтерген мәселелері адамгершілік, ынтымақтастық, татулық, әділдік, еңбекшілдік, адалдық, талапкерлік, талаптанушылық, ел тарихы. Бұл мәселелерді ол жеке, жалаң түрде алмай, мақалдарды талдау барысында зұлымдық, сұрқиялық, екіжүзділік, барымташылық тәрізді мінез-құлықтарға қарсы қоя отырып қарастырады» [4].

Жастарға адам баласының сыртқы сұлулығы мен ішкі жан-дүниесінің үйлесімділікте болғаны дұрыс екенін ескерте отырып, Абай өзінің «Он сегізінші сөзінде» «адам баласына жыртықсыз, кірсіз, сыпайы киініп... таза кимек дұрыс іс», ал «өз дәулетінен артық киінбегі, не киімі артық болмаса да, көңіліне қуат тұтып, тым айналдырмақ — кербездердің ісі» деп түсіндіреді. «Кербездің екі түрлі қылығы болады: бірі бет-пішінін, сақал-мұртын, мүшесін, қас-қабағын қолдан түзетіп, шынтағын көтеріп, қолын тарақтап әуре болмақ. Біреуі атын, киімін «айран ішерім» деп солардың арқасында сыпайы, жұғымды жігіт атанбаққа, өзінен ілгерілерге елеулі болып, өзі қатардағының ішін күйдіріп, өзінен кейінгілерге «әттең дүние-ай, осылардың атындай ат мініп, киіміндей киім кигеннің не арманы бар екен?» дейтұғын болмаққа ойланбақ. Мұның барлығы — масқаралық, ақымақтық. Мұны адам бір ойламасын, егер бір ойласа, қайта адам болмағы — қиын іс. Кербез дегенді осындай кер, керден немеден безіндер дегенсөзге ұқсатамын. Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез, деген нәрселермен озады. Онан басқа нәрсеменен оздым ғой демектің бәрі де — ақымақшылдық» деп кісінің кісілігін киімінен емес, адамгершілігінен, білімі мен мәдениеттілігінен көрінетінін ұғындырады [5].

Сонымен қатар ол жоғары адамгершілік қасиеттердің мінез-құлық мәдениеттілігіне байланысты екенін ескеруді де ұмытпайды. «... ғылымды,

ақылды сақтайтұғын мінез... бұзылмасын!... мінезде азғырылмайтын ақылды, арды сақтарлық беріктігі, қайраты бар болсын! Бұл беріктік бір ақыл, ар үшін болсын!», — деп балалар мен жастарды көрсеқызарлыққа, жеңілтектікке, біреудің орынсыз сөзіне ермеуге шақырады, адамды сұлу, көрікті көрсететін мінез деген ұғымға жетелейді [5]. Ата-бабалардың жағымды мінездерінен үлгі өнеге алуға насихаттай келіп, «Отыз тоғызыншы сөзінде» бұрынғы ата-бабалардың өзінің заманындағылардан артық екі мінезі бар екенін атап көрсетіп, ендігі жұртата-бабалардың сол екі тәуір ісін біржола жоғалтып алғанын, соның салдарынан үйренген өнерлерінен де айырыла бастағанын мақал-мәтелдермен дәлелдей отырып сынға алады.

Біріншісі — «ол заманда ел басы, топ басы деген кісілер болғаны». «Бас-басына би болсаң, манар тауға сыймассың, басалқаныз бар болса, жанған отқа күймессің» деп, Абай ел басшысы болуы халық арасында ауызбіршілікті, сыйласушылықты ұстай білу, халықтың қамын ойлау, жаманын жасырып, жақсысын асыру, олардың бір-біріне деген сенімін арттыру, қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру деп түсінгенін аңдаймыз. Екіншісі — намысқорлық. Мұнда Абай «Өзіне ар тұтқан жаттан зар тұтады», «Араздықты қуған көп пайдасын кетіреді». «Ағайынның азары болса да, безері болмайды», «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді», «Жол қуған қазынаға жолығар, дау қуған бәлеге жолығар» деген мақалдарды мысалға келтіре отырып, бұрынғылар «аты аталып, аруақ шақырылған жерде ағайынға өкпе, араздыққа қарамайды екен, жанын салысады екен» деп балалар мен жастарға мінездің жағымды, жағымсыз жағын айыра білуге көмектеседі [5]. Бұлардың арлылық, намыстылық, табандылықтан келетінін айтып, бауырмалдыққа, туыстық, достық сезімнің нығаюына ықпал ететінін түсіндіреді. Абайдың адамдарды ізгілік көзқараста, қатынаста тәрбиелеуге талпынғаны байқалады.

«Отыз үшінші сөзде» Абай қолөнердің қажеттілігіне тоқтала отырып, «қолөнер үйренбек керек», ол ешқашан жұтамайды, өнерді үзбей жетілдіріп отырса, шеберлік, ісмерлік артады деген ұғымды жастардың санасына сіңіріп, қазақтардың жалқаулығына, салғырттығына, кербездігіне, мақтаншақтығына қынжылыс білдіреді. Мәселен, Абайдың «дарқансың ғой, өнерлісің ғой, шырағым», немесе «ағаке, нең кетеді, осы ғанамды істеп бер!» дегенде «маған да біреу жалынарлыққа жеткен екенмін» деп мақтанып кетіп, пайдасыз алдауға, қу тілге алданып, өзінің уақытын өткізеді» дегенінде үлкен шындық жатқанын еріксіз мойындайсыз [5].

Абай «Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі білім біл» деген оймен балаларды өз халқының өнерін меңгеріп қана қоймай, басқа халықтардың да өнер-білімін, ғылым мен тілін үйренуге шақырады. Әрбір халықтың «тілін меңгерген, өнерін білген кісі онымен бірдейлік» пікір таластыра

алады, оған жалынышты болмайды, өзінің тұрақты көзқарасы, ой-пікірі болады, әрбір халықтың өнеріндегі, мәдениетіндегі өзіндік ерекшеліктерді ажырата біледі деп өз пікірін «Жиырма бесінші сөзінде» одан әрі жалғастыра түседі. Сөйтіп, ғылым мен өнердің мазмұнын, қажеттілігін талдап түсіндіре отырып, оған балаларды тартып, қызықтыруға, «барыңды салсаң да... балаң бала болсың десең оқыт», «көкірек — көзі ашылады» деп, ғылым мен өнердің бала болашағы үшін қажет екендігіне ата-аналардың көзін жеткізуге ұмтылады [5].

Өзінің «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» деген зерттеу еңбегінде Абай балаларды құнды тарихи деректермен таныстыра келіп: «...қазақтарды арабтан шыққан дейтін ел арасындағы қате шежірелерді ғылыми негізде жоққа шығарып, қазақтардың көне моңғол тайпаларымен туыс екенін дәлелдеу үшін кептеген тарихи еңбектерді қараумен қатар қазақтың тілін, әдет-ғұрпын, тарихи аңыздары мен мақал-мәтелдерін пайдаланған» [4]. Сонымен бірге Шыңғыс тауы туралы тарихи аңызды, үш жүздің пайда болуы мен Алаша хан туралы шежірені, Шыңғыс хан мен Жошының билеген кезеңдерін баян ете отырып, «Ондағы «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы — Майқы би», «Жылан жылы жылыс болды, жылқы жылы ұрыс болды», «Қой жылы зеңгер тоғыс болды», «Самарқанның сар жолы, Бұланайдың тар жолы» деген мақалдарға түсініктеме береді, Шыңғыс ханмен, оның жорықсапарымен байланыстырады [5]. Бұл арада Абайдың мақсаты — жастарға қазақтың арғы тегін, қайдан шыққанын түсіндіру, «Жеті атасын білмеген ұл жетесіз» дегізбей, оларды өз руын, шыққан тегін білуге баулу. Балалар мен жастардың әсемдікке, сұлулыққа деген көзқарасын қалыптастыруда Абай өлеңдерінің рөлі ерекше. «Қуатты ойдан бас құрып, еркеленіп шығар сөз» деп ұлы ақынның өзі айтқанындай, оның өлеңдеріндегі туған жердің сұлу табиғаты, қазақ ауылының көріністері, адамдардың көңіл-күйі сан алуан сезімдерімен ұласып музыка үніндей естіледі. Мұндай суреттемелер «Жаз», «Күз», «Жазғытұрым», «Желсіз түнде жарық ай» т.б. өлеңдерінде ерекше әсерлі көрсетілген.

Өлеңдегі табиғаттың әсем көрінісі, күн шұғыласы, адамдардың, жан-жануарлардың іс-әрекеттері — бәрі де балалардың қиялына қанат бітіріп, күнделікті тыныс-тіршіліктегі көріністерге көңіл тоқтатып, оны эстетикалық тұрғыда қабылдай білуге үйретеді. Абай өлеңдерінің әрбір жолынан балаларға үлгі-өнеге аларлық насихат белгілері көп табылады. Мәселен, жыл мезгілдері: «Қыс», «Күз», «Жазғытұрым» өлеңдерінде табиғат көріністерін суреттеуде қолданған Абайдың шешен тілі, сөздік құрамы, әсем теңеулері балалардың дүниетанымын кеңейте түседі. Абай табиғаттың қай көрінісінен болмасын әдемілікті, сұлулықты көре білуге

шақырады. Табиғаттағы жан-жануарлардың өмір тіршілігіне зер салуға, құстардың әсем дауыстарын тыңдай, бір-бірінен айыра білуге, кең байтақ өлкенің, орман тоғайлар мен миуалы бақтардың, тау қойнауларының көріністерін қызықтай білуге үйретеді. Бұл өлеңдердің балалар үшін танымдық құндылығы осында.

Мысалға «Желсіз түнде жарық ай» деген өлеңін алайық [5]. Мұндағы табиғат көрінісі суреттемесінің нақтылығы, мәселен, Абайдың түн мезгіліндегі көл бетіне түскен ай сәулесінің дірілдеп көрінуін, ағаш жапырағының өзді-өзімен сыбырласуын сипаттауы, жастарға ерекше бір әсер беріп, лирикалық сезімге бөлейді, туған жер табиғатына деген мақтаныш сезімін тудырады.

Абай қазақ қыздарының нәзік жанын, ибалы қасиеттерін, мінез-құлқын, жүріс-тұрысын, сұлу мүсінін, адамгершілік, ар-ұждан тазалығын, бүкіл болмысын тамаша бір теңеулермен әсерлі жырлап, олардың мәртебесін көтеріп, жүрек сезімін өлеңге қосты. Мысалы:

Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы,  
Аласы аз қара көзі нұр жайнайды.  
Жіңішке қара қасы сызып қойған,  
Бір жаңа ұқсатамын туған айды.  
Маңдайдан тура түскен қырлы мұрын,  
Ақша жүз, ал-қызыл бет тіл байлайды.  
Нәзік бел тал шыбықтай бұрандайды.  
Қолаң қара шашы бар жібек талды,  
Торғындай толқындырып көз таңдайды...

Осылайша әдемі кейіптеумен бірге:

Бұлардың кейбірінің мінездері,  
Ешнәрсе көрмегенсіп, бұртақтаған.  
Кейбірі жайдары, ашық боламын деп,  
Орынсыз адамдармен жыртақтаған

– деп қыз-келіншектерге мұндай одағай мінездің әркімге ұнай бермейтінін ескертуді әсте ұмытпайды [5].

Абай өз өлеңдерінде халықтың еркін арқау етеді. Мысалы «Жігіт сөзі» мен «Қыз сөзі» деген айтыс өлеңдерінде ақын небір «шебер теңеулерді табады және тапқанда қазақ халқының өз тірлігіндегі, өз табиғатындағы болмыстан, натурадан мысалдар алады» [2]. Жоқтау өлеңдерінде де ескі халық поэзиясындағы жоқтауларды үлгі тұтса, ауыз өдебиетінде ертеден жырланып келген жорық пен ғашықтық тақырыбына қатысты екі сюжетті пайдаланады. Әрі оған жаңа сипаттама беріп, гуманистік, ағартушылық көзқараста баяндайды. Сөйтіп жастарға өз елінің бай мұрасын танып-білуге көмектеседі.

«Сөз өнері — дертпен тең» деп кесек түйін жасаған, сөз, тіл өнерін жоғары бағалаған Абай жастарға жыршылық, ақындық табиғи дарын, таланттың ісі, тапқырлықтың белгісі деп, өлеңге талап, талғам қажет екенін атап айтады [5].

Сөйтіп ол өз халқының өмірін, тұрмыс-тіршілігін, тілек-арманын өлеңмен өрнектеп қана қоймай, әнге қосты, музыка тілімен ескілікті, кертартпа көзқарасты сынап, жақсыны дәріптеді, жастарды өнер-білімді меңгеруге шақырады. Абай өзінің мақсатын, ішкі жан сырын «Мен жазбаймын өленді ермек үшін» өлеңінде ешбір бүкпесіз жайып салады [5].

Абай эстетикалық тәрбиенің құралы ретінде халық музыкасының маңызына да тоқталады. Қазақтардың жарық дүниеге келгеннен өмірінің соңына дейінгі әнге, өлеңге, музыкаға деген көзқарасын, солардың ықпалымен қалыптасатын эстетикалық сезімін «Біреудің кісісі өлсе, қаралы ол», өлеңінде жан-жақты терең таныммен жүрекке жеткізеді [5].

Абай, әсіресе, халық арасынан шыққан әнші-күйшілердің, ақын жыршылардың өнеріне зор құрметпен қарап, жастарды оларды үлгі тұтуға бағыттап отырған. Тобықты жеріне олардың бірі келді дегенін естісімен, өз ауылының өнерқұмар жастарына сәті келсе-ақ: «... бар, көр. Шын өнерлі, қызықты болса, елге әкел. Еркімен көсіліп, ойын-сауық ет. Жас буын өнер үйренсін, үлгі алсын. Мен де көмекші болармын» деп кесімді бағыт-бағдар сілтесе, артынша арнайы тіктірген үйлерде ел аузына іліккен арқалы өнерпаздарды қарсы алып, айлап ән-жырларына құлақ құрышын қандырған. Мәселен, Абай өз аулында атақты әнші Біржан өнерін екі ай тамашалағаны, екеуі ежелден сырлас достай тез тіл табысып кеткенін, өз ауылына сол төңіректегі әнші-күйші жастардың бәріне ел еркесі, көпшілік серкесі сал Біржанды танытып, өнерде қамшы салдырмайтын жәуміт жүйріктің шын бағасын танытып, көп қызық мәжілістер құрған [6].

Абайдың өзі айтқанындай, мұндай мәжілістердің тәрбиелік мәні ерекше еді. Ауыл жастары атақты әншіден көптеген ақыл-кеңес алып қана қоймай, оның жаңасарынды әндерін, орындаушылық мәнерін үйреніп, музыкалық талғамын, қабілетін жетілдіреді. Мысалы, әнші жастар жаздай өздеріне ұстаз болған Біржаннан «әлі естімеген толқыны, сәні бар, нағыз тамыр бойлар «Жиырма бес», «Қарға», «Гауһар тас», «Баянауыл», тағы басқа әндерді үйренді» [6].

Абай осылай әнші жастардың эстетикалық көзқарасы мен талғамының қалыптасуына ықпал етумен бірге, олардың көмегімен қазақ даласына өзінің өлеңдерін де қолма-қол таратып отырған. Тамылжытып салған ән ұйықтап жатқан жүректі тербетіп оятады, көңілдегі мұңды

таратып, жас балаша уатады, керемет бір ләззатқа бөлейді, дегенмен:

Адам аз мұны біліп ән саларлық,  
Тыңдаушы да аз, ол әннен бәһра аларлық,

немесе,

Әннің де естісі бар, есері бар,  
Тыңдаушының құлагын кесері бар,

— деп әннің мақамын асқан бір әсерлілікпен қабылдай білу тыңдаушының музыкалық қабілеттілігіне, дарындылығына, сондай-ақ әннің мазмұнына байланысты екенін ескертеді [5].

Сонымен қатар, Абайдың ой-толғанысынан туындаған терең философиялық түсініктері бар күйлердің мазмұнына тоқтала келіп:

Мұңмен шыққан, оралған тәтті күйге,  
Жылы жүрек қайда бар қозғаларлық,  
Ақылдың сөзіндей ойлы күйді,  
Тыңдағанда көңілдің өсері бар,

- деп келісті күйдің адамды рухтандыратын, сезім толқынына бөлейтін қасиетін аша түсетін тұстарын да айта кеткен абзал.

«Сырт көзге сұрықсыздау көрінетін домбыра шебер орындаушының қолына тигенде өз шамасынан әлдеқайда асып түсіп, құлпырып шыға келетініне қайран қаласыз, ол біресе әндетіп, не үрлемелі аспап үн шығарғандай (есіле егіліп, біресе дыбыстар аспанға шоқ шашқандай көзінің жауын алып, яки болмаса жалт-жұлт еткен үн шапшаңдығымен есіңді алады) сол қол саусақтарының бір нотада тұрып көз ілеспес жылдамдықпен орын ауыстыруы» [7].

«... Тыңдаушылар күй тартылған кезде өзге дүниені ұмытып, өздерін толғандырып толқытып, жүрегін бір ысытып, бір суытып отырған музыкалық тақырыпқа аса зейін қойып, күйшімен бірге тебіренеді, күймен бірге жылап, бірге күледі» [8]. Қазақ халқының музыка зерттеушілері этнограф А.В.Затаевич пен академик А.Қ.Жұбановтың осы айтқан сөздерінде үлкен шындық жатыр. Қазақ халқының ән-күйді бұлайсүйіп тыңдауы оның күнделікті өмір шындығын, тұрмыс-тіршілігін, ой-арманын музыка тілімен айшықтай көрсете білуінен болса керек.

Ұлы Абай өзінің ән шығармашылығында қазақтың халық музыкасымен бірге орыс музыкасының байлықтарын да шеберлікпен меңгеріп, соның нәтижесінде қазақ музыкасын жаңа идеялық мазмұнмен, тосын түрмен, тың тақырыппен байытып, биік белеске көтергенін тілге тиек еткен ғалым, зерттеушілер баршылық.

Оның әндері қазақ музыкасының жазба мәдениеті болмағанына қарамастан, ауыздан-ауызға тарап, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырды. Сөйтіп, өзінің әуенділігі, ырғақтылығы, тартымдылығы, жаңа



сарындылығы арқылы (онда қазақтың халық өндерінің ырғағымен бірге орыс, украин халық әндерінің де ырғақтары бар) жастардың да, үлкен-кішінің де көңілінен шықты. Бұны «Абай жолы» роман-эпопеясындағы мына бір суреттемеден байқау қиын емес: «Бұл кеткен Татьянаның нәзік назы: «Амал жоқ, қайттым білдірмей». Жұрт қалт етпей, тына қап тыңдады... Алғашқы бір ауызды естігенде, тыңдаушылар «бәйіт пе, орыс әні ме?» деп, нені тыңдап отырғанын айыра алмады. Аздан соң бұл әннің өзгеше бір қоңыр мұны бар, шер толқытып шығарған, салмақты, терең ән екені байқалды. Осымен қатар, әсіресе, жұртты ұйыта бастаған — өлеңі мен тілі еді.

Барлық жас ақындар мұнды ғашық лебізін ұққан сияқты болды. Бірақ сонымен қатар, «осылай болса керек еді ғой» деумен бірге, өзіміз естіп көрмеген сыр мен шер екен-ау деп, құлай тыңдайды. Екі-үш ауыздан соң Мұхаметжанның аузына барлық елдің көзі қадалып қапты. Таң-тамаша қалдырған, ғажап сөз. Және соншалық нәзік бұралып, таза сезіммен сондайлық бір ыстық жүрек тіл қатып, үн салғандай. Көзінің жасын іркіп айтқан, көз алдында дірілдеп, тыныс алып тұрған шыншыл көңіл...» [6].

«Абай өндерінің ырғақтық, үндік мелодиялық жақтарының өзіне дейінгі қазақтың халық әндерінде болмаған қасиеттерге ие болуының себебі, — дейді А.Жұбанов, — Абай ерекше бір музыкалық ортада болды, бір жағынан, өзінің асқан музыкалық қабілетінің, музыканы жан-тәніменсүюінің арқасында қазақтың халық музыкасын жақсы біліп, Семей қаласына гастролге келген артистердің концерттерін тыңдап көру арқылы орыс музыкасымен тікелей танысып отырса, екінші жағынан, айналасына топталған өнерпаздардың кейбіреулері орыс халқының музыкалық үлгілерімен таныс адамдар болды (Өз баласы Әбдірахман, скрипкашы Мұқай). Олар Абай шығарған әндерді тыңдаушы ғана емес, бабына келтіріп орындаушы, дос бейілді кеңесшілер еді» [9].

Абай ауылының музыкалық өмірі басқаларға ұқсамайтын ерекшелігімен: жаңа сарындылығымен, жан-жақтылығымен, ертеректе қазақ тұрмысында музыкалық аспаптарда ойнауда кездеспеген ансамбльдік орындаушылық пен топтасып (бірігіп) ән айту әдістерімен көзге түсті. «Абай аулында жақсы домбырашы, скрипкашы және әнші Мұқай бастаған өзінше бір музыка үйірмесі болған. Үйірмеге ақынның балалары Ақылбай, Мағауия, Тұрағұл, Гүлбадан, Кәкітай, Рахима және шәкірттері Мұхамеджан, Көкбай, ол кезде аты әйгілі әншілер Әлмағамбет, Өтегелді және т.б. көптеген адамдар қатысқан. Олар домбырада ғана емес, сондай-ақсырнайда, скрипкада, сыбызғыда ойнаған [5]. Өздерінің осы музыка саласынан алған сауаттарын Абай балалары әрі қарай жетілдіре

де білген. Мысалы, Әбдірахман Санкт-Петербургтен демалысқа келгенде өзінің жақсы скрипкашы екенін танытты. «Олкейуақыттар орыстың сұлу назды романстары тартады. Бұл қауымға тың болғанмен, барлық орыс жұртына мәлім «Стенька Разин», «Ермак», «Бродяга» сияқты әндерін де тартады. Ойнақы, мөлдір, қызықырғағы бар, қайнағандай жігері жұлқынып тұрған өте әсем ырғақты би күйлерін ойнайды. Кезектесіп мазурка, полька-мазурканы жайнатады. Бір ауық құтыртып, асқақтата тасқындаған музыкамен «Гопакқа соғады»,—деп М.Әуезов «Абай жолы» романында Әбіштің музыкалық талғамы мен қабілетінің, скрипкада ойнау техникасының арта түскенін әсерлі суреттейді (б.108). Демек, бұдан біз Абай халықтың мәдениетін, өнерін (тіл, сөз, музыка, т. б.), салт-дәстүрін эстетикалық тәрбиенің қажетті құралы деп мейлінше дұрыс түсінгенін қалтқысыз танимыз.

Қорыта айтқанда, Абай Құнанбаев халық шығармашылығының дәстүрлі элементтерін шебер пайдалану арқылы ана тілін байытып, оның тарихи және мәдени маңыздылығын арттырды.

Абайдың қара сөздері, өлеңдері мен әндері балалар мен жастарды «Өткірдің жүзі, кестенің бізі» салған ою-ернектер тәрізді өзінің көркемдігімен, бояуының қанықтылығымен қызықтырады, әрқилы ойға жетелейді, әсемдік сезімге бөлейді, көңілді сергітеді. Өлеңдегі, қара сөздердегі эпитеттер, теңеулер, әсірелеулер, көріктеулер, мақал-мәтелдер, сөз тіркестері өзіне тәнті етеді, дүниетанымдық, адамгершілік, эстетикалық көзқарастың дұрыс қалыптасуына бағдар береді. Халықтың ауызекі шығармашылығын күнделікті өмір тәжірибесінде орынды пайдалану, оның мазмұнына бойлап қарау қажеттігін еске салады.

Абайдың музыкасымен жақын қатынаста болу музыканың көркемдік қуатын түсіну қабілетін қалыптастырып, оның музыкалық шығармаларындағы айтылған ойлар мен сезімді, «Әннің де естісі бар, есері бар» деп, ұлы ақынның өзі айтқанындай, музыканы жүрекпен сезіне, қабылдай білуге дағдыландырады.

Түптеп келгенде, Абай шығармалары заман өзгерістерінің қай кезеңдерінде болмасын, өзінің құндылығын, тәрбиелік мәнін жойған емес және жоймайды да.

Абай әндерін көптеген қазақ композиторлары өздерінің шығармаларына арқау етіп енгізіп, оның әндері мен өлеңдеріне жеке аспаптарға (ұлт аспаптарына, симфониялық оркестр аспаптарына), шағын ансамбльге (трио, квартет, квинтет) және үлкен оркестрге арнап шығармалар жазды. Абай әндері «Абай» операсының шырайын кіргізіп, хор ұжымдарының тұрақты репертуарына айналса, мектеп пәндері бағдарламаларына енгізіліп, класстан тыс тәрбие жұмыстарын жүзеге

асыруда да кең көлемде пайдаланып келеді [10].

Осы жоғарыда айтылғандардың бәрі ғұлама ағартушы идеясының, ой-пікірі, мен ақыл өсиетінің өміршеңдігін, жаңашылдығын көрсетеді. Олар, әсіресе, бүгінгі таңда, қоғамның жаңаруы, демократиялануы процесінде, еліміздің егемендік алып, тарих қайта құралып жатқан кезде жеткіншек ұрпақтың адамгершілік қасиеттерін, эстетикалық талғамын қалыптастыруда маңызды рөл атқара түсуге тиіс.

#### ӘДЕБИЕТ

1. Т.Әлімқұлов. Жұмбақ жан. Алматы, 1993, 6-6.
2. Әуезов М. Әр жылдар ойлары. — Алматы, 1959, 32-6. 117.
3. Құнанбаев К.Ы. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының өмірі.)). Мырзахметов М. «Абай жүрген ізбенен». Алматы, 1985, 132-6. 27
4. Қазақ фольклористикасының тарихы. Алматы. 1988. 168,169,200.
5. Құнанбаев А. Шығармалардың 1-томдық толық жинағы. Алматы, 1961. 458, 464, 482, 465,458, 492, 97,126, 70,
6. Әуезов М. Абай жолы. Алматы, 1990, кітап, 330, 331, 332; 579-6.2-кітап, 108-6.
7. Затаевич А. В. 1000 песен казахского народа. М., 1963, с21.
8. Жұбанов. А. Ғасырлар пернесі. — Алматы, 1975,13-6.
9. Жұбанов А. Ән-күй сапары. — Алматы, 1976, 21-6.
10. Ұзақбаева С.А. Қазақ халық педагогикасы (оқу құралы). - Алматы, 2013. 316-338 бб.

#### ВОЗМОЖНОСТИ ПРОИЗВЕДЕНИИ АБАЯ В ЭСТЕТИЧЕСКОМ ВОСПИТАНИИ

Узақбаева С.А. д.п.н., профессор  
КазУМОиМЯ имени Абылай хана  
Алматы, Казахстан, e-mail: sahipzhamal.a@mail.ru

